

Әділетті Қазақстан

Барлық мемлекеттік стратегия, үкіметтік және аймақтық бағдарламалар, салалық жоспарлар мен нақты шешімдер азамат өмірін жақсартуы керек.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ПРЕЗИДЕНТ



ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҮНТҮЙМАҚТАСТЫҚ

2

МӘДЕНИЕТ



ҰЛЫ ДАЛА ЖӘДІГЕРЛЕРІ

6

САЯСАТ



АДАМЗАТ ӘЛЕМІ

8

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

15.07.2023

Түнде:



+23+25 °C

Аздаған бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+32+34 °C

Аздаған бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

16.07.2023

Түнде:



+21+24 °C

Аздаған бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+31+33 °C

Аздаған бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №84 (6377) 15 шілде, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ӘКІМ

ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ ҮШІН КӨП ЖҰМЫС ЖАСАЛДЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат ДОСАЕВ
Бостандық ауданының тұрғындарымен кездесті



Шаһар басшысы алдымен ауданда атқарылған жұмыстар, тың жаңалықтар туралы қысқаша баяндап өтті. Кездесуге келген тұрғындар өздерін толғандырып жүрген көкейдегі сауалдарын кезектесіп қойып жатты. Халық пен әкім арасында орнаған тікелей сұрақ-жауап диалогында көбіне су, жарық, көгілдір отын, жол, қоғамдық көлік мәселелері көтерілді.

4-5

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЖӘРМЕҢКЕГЕ КЕЛІҢІЗ!

15-16 шілдеде Алматыда ауыл шаруашылық жәрмеңкесі өтеді



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Демалыс күндері сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін Алматы облысының Қарасай, Жамбыл, Іле, Талғар және Еңбекшіқазақ аудандары шаруа қожалықтарының, сондай-ақ Алматы қаласының азық-түлік кәсіпорындарының «демалыс күндеріндегі» ауыл шаруашылық жәрмеңкесі өтеді.

Жәрмеңкеде ет-сүт, жеміс-көкөніс, шұжық өнімдері, жемістер, ұн, жарма, өсімдік және жануарлар майлары және т.б. 300 тоннадан астам өнім түрі сатылады.

Жалпы, жыл басынан бері Алматыда 296 жәрмеңке өткізілді. Өнімнің бағасы орташа нарықтағы есептен 15–20%-ға төмен.

«Демалыс күндеріндегі» ауылшаруашылық жәрмеңкелері мына мекенжайларда өтеді:

Алмалы ауданы (Тоголь – Масаншы көшесі);

Бостандық ауданы («Қазақфильм» ш/а);

Әуезов ауданы (Абай даңғылы – Өтеген батыр көшесі);

Медеу ауданы (Меңдіқұлов – Бектұров көшелері және Шевченко – Қонаев көшелерінің қиылысы).

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Премьер-Министр Әлихан Смайыловты қабылдады.
- Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Нидерланд Премьер-министрінің міндетін атқарушы Марк Рюттемен телефон арқылы сөйлесті.
- Жыл басынан бері 10,5 мыңға жуық этникалық қазақ қандас мәртебесін алды.
- Мемлекеттік емханаларда істейтін дәрігерлердің жалақысы 1 қыркүйектен бастап өседі.
- Алматыда 21 маршруттың автобустары жаңартылды.
- Үлкен Алматы айналма жолы 21 шілдеден бастап ақылы болады.
- Енді 17 жастағы балаларды әскери есепке қою автоматты түрде жүргізіледі.
- Қазақстандық жас өнерпаз «Витебск» балалар байқауының бас жүлдесін жеңіп алды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ АҚОРДА

Мемлекет басшысы Франция Президентіне құттықтау жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Эммануэль Макронды және барша француз халқын Францияның ұлттық мейрамы – Бастилияны алу күнімен құттықтады.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Франция арасындағы сенімді саяси диалог пен өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастыққа негізделген стратегиялық серіктестіктің нығайып келе жатқанын атап өтті.

■ СЕНАТ

Сенат депутаты Бибігүл Жексенбай «Аманат» партиясының қалалық филиалы мен қалалық құрылыс басқармасының өкілдерімен бірге елордадағы Қ.Мұқайтпасов атындағы Орталық стадионда болды.

Спорт ғимараты бірнеше жыл бұрын апатты жағдайға байланысты жабылған болатын. Депутатқа сапар барысында футбол орталығының жаңа құрылысының жобасы таныстырылды.

Бұдан бұрын осы стадионға күрделі жөндеу жұмыстарын жасау көзделген болатын. Мамандар мәселені зерделей келіп, оны жаңадан салған тиімді екені анықталды. Қазіргі кезде әлемдік стандарттар бойынша футбол біріншіліктерін өткізу мүмкіндігі бар 4500 орынды толыққанды стадион салу туралы шешім қабылданғаны айтылды. Жоба бойынша тек футбол ғана емес, сонымен қатар стадион аумағында балалар мен жасөспірімдердің спортпен шұғылдану мүмкіндігі қарастырылған.

Депутат Бибігүл Жексенбай өз кезегінде балалар мен жасөспірімдердің жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау, оның ішінде өнерді зерттеу және спортпен шұғылдану мемлекеттің басымдығы болып табылатынын жеткізді. Білімді, тәрбиелі және дені сау ұрпақ – ұлттың ең қымбат игілігі екені атап өтілді.

■ МӘЖІЛІС

Мәжіліс депутаты Кенжегүл Сейтжан өңірлерге іссапары аясында Атырау облысына барды. Облыс орталығындағы №3 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының басшыларымен кездесіп, жұмысымен танысты.

Орталық барлық дәрежедегі ақыл-ой кемістігі мен бөгде адамның тұрақты күтімін қажет ететін психоневрологиялық патологиясы бар 3–18 жас аралығындағы мүгедек балалардың тұруына арналған.

Мұнда 8 түрлі қызмет көрсетіледі. Қызмет алушыларға үй жағдайына жақындатылған, жасы мен денсаулығын, жеке қажеттіліктерін ескере отырып, олардың жеке даму, әлеуметтену және ортаға бейімделу деңгейін арттыруға бағытталған арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетіледі.

– Бірінші қатарда әкімшілік кабинеттер, медициналық: ЛФК, тіс дәрігерінің, физиотерапия қызметтерін көрсететін кабинеттер, сонымен қатар ата-аналармен кездесу бөлмесі, акт залы, асхана, тамақ дайындауға арналған цех орналасқан. Екінші қатарда дефектолог, логопед, психолог, әдіскер, арттерапия кабинеттері және спорт зал, тігін цехы, қыш бөлмесі, еңбек терапия бөлмесі орналасқан. Орталық аумағында жуынатын және кір жуу кешені, отын жағу, автокөлікке арналған тұрақ бар, – дейді К.Сейтжан. Сондай-ақ, депутат мұндағы қызметкерлердің өз ісінің маманы екенін әрі жұмысын сүйіспеншілікпен орындайтынын атап өтті. Орталық басшылығы тәрбиеленуші балаларға берілетін арбалар сапасының төмендігі және кей ерекше қажеттіліктері бар балаларға қолдану қиындық туғызатынын жөнінде шағымдарын айтты.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында еліміздің оңтүстік өңірлерінің ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерін сумен қамтамасыз ету мәселесі қаралды.

Экология және табиғи ресурстар министрі Зүлфия Сүлейменова бүкіл егіндік судың 97%-ын тұтынып отырған Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстарындағы вегетациялық кезең су тапшылығы жағдайында өтіп жатқанын баяндады.

Алматы және Жетісу өңірлерінде су шаруашылығының жағдайы тұрақты. Сонымен қатар, Түркістан, Қызылорда және Жамбыл облыстарында су қоймаларына келіп жатқан судың деңгейі жеткілікті. Соның салдарынан сумен қамтамасыз етуде күрделі жағдай қалыптасып отыр. Мәселені шешу үшін Экология министрлігі тарапынан Қырғызстан мен Өзбекстанның уәкілетті ведомстволарымен мемлекетаралық нысандарды сумен қамтамасыз ету кестесін сақтау бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

Сондай, Жамбыл облысының әкімі Нұржан Нұржігітов осы жағдай мен ұсынылған іс-шаралар туралы баяндама жасады.

Премьер-Министр мемлекетаралық нысандарды сумен қамтамасыз ету бойынша келісілген кестелерді сақтаудың, сондай-ақ су ресурстарын пайдалану бойынша көршілес елдермен бірлескен үйлесімді жұмыстың маңыздылығын атап өтті.

Сонымен қатар, Әлихан Смайылов суды ысырап етпей, жалпы АӨК-ке су үнемдеу технологияларын енгізу үшін еліміздегі гидротехникалық құрылыстарды реконструкциялау, жаңғырту және цифрландыру жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

Сондай-ақ, мемлекетаралық каналдар арқылы келетін судың көлемін арттыру мәселесін жедел пысықтау қажеттігін атап өтті.

■ ӘЛЕУМЕТ

ҚР Әлеуметтік кодексінің күшіне енгелі биылғы 1 шілдеден бастап елімізде мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы заңнаманың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік әлеуметтік қорғау инспекторлары институты жұмыс істей бастады.

Бір жарым апта ішінде әлеуметтік инспекторлар 12 тексеру жүргізді, оның 10-ы жоспардан тыс, ал 2-еуі профилактикалық. Бұл туралы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Әлеуметтік инспекторлары төрт дүкен, екі мектеп, екі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «Қазпошта» АҚ бір филиалы, бір жеке санаторий, бір түзеу мекемесі және бір банк филиалын тексерістен өткізді.

Мәселен, Абай облысы бойынша Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің департаменті Жарма ауданы мен Курчатов қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы заңнаманың сақталуына профилактикалық бақылау жүргізді. Осы іс-шаралар барысында оңалтудың техникалық құралдарымен және қызметтермен уақытылы қамтамасыз етпеу бойынша бұзушылықтар анықталды. Бұл жұмыстардың қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұйғарым шығарылып, 68 мүгедектігі бар адамның құқықтары қорғалды.


Түркістан облысы бойынша Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің департаменті азаматтардың шағымы негізінде «Салма Керуен КЗ» ЖШС санаторийінде жоспардан тыс тексеру жүргізіп, оның нәтижесінде пандустың, кіреберіс есіктің ашылуы мен табалдырығының стандартқа сәйкес келмеуі, объектінің аумағында тактильді жолдардың болмауы бойынша бұзушылықтарды және мүгедектігі бар адамды тасымалдау үшін арнайы тұрақтың қарастырылмағаны анықталды. Тексеру қорытындысы негізінде санаторий басшылығына анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама беріліп, әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

● ПРЕЗИДЕНТ

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ФОРУМЫ:

ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ



Мемлекет басшысы БҰҰ Бас хатшысының орынбасары Владимир Воронковты қабылдады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, Терроризмге қарсы күрес басқармасының басшысы Владимир Воронковпен және БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің Терроризмге қарсы күрес комитеті Атқарушы директоратының атқарушы директоры Наталья Германмен кездесу өткізді.

Мемлекет басшысы Астанада өтіп жатқан Қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі Орталық Азия форумына қатысқаны үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының делегациясына алғыс айтты.

– Сіздер бұл форумға қатысу арқылы аталған жиынға маңызды қолдау көрсетіп отырсыздар. Қазіргі әлемде болып жатқан оқиғаларды ескерсек, конференцияның күн тәртібіндегі мәселелер өте өзекті. Еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысын толықтай қолдайды. Мен бұл жөнінде барлық халықаралық іс-шараларда үнемі айтып жүрмін. БҰҰ-ға мүше басқа мемлекеттердің

бәрі Ұйым Жарғысында бекітілген қағидаттарды мүлтіксіз сақтауы керек деп санаймын. БҰҰ – Қазақстан үшін баламасы жоқ әрі әмбебап халықаралық ұйым. Ұйымға мүше елдердің әрқайсысы оның қызметін жетілдіру ісіне барынша үлес қосуға тиіс. Біз БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриштің қызметін жоғары бағалаймыз. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, оған ізгі тілегім мен сәлемімді жолдаймын. Қазақстанға келер болсақ, біздің тарапымыздан БҰҰ-ның кең ауқымды қызметіне жан-жақты қолдау көрсетіледі. Бүгінде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесін реформалау қажеттігі туралы көп

айтылып жүр. Бұл мәселе демократия қағидаттарына сай егжей-тегжейлі талқылауға лайық деп санаймыз. Әрбір ел бұған өз үлесін қосып, пікірін айта алады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кездесу барысында аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, сондай-ақ террористік қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл мәселелері талқыланды.

БҰҰ өкілдері Қазақстанның бұл саладағы күш-жігеріне жоғары баға беріп, еліміз БҰҰ-ның терроризмге қарсы күрес мәселесінде көшбасшылардың бірі екеніне назар аударды.

Владимир Воронков Астанада қауіпсіздік жөнінде форум өткізудің маңызды екенін атап өтіп, бұл жиын диалог пен өзара сенімді қалпына келтіруге, ортақ шешімдер іздеуге арналған алаңдардың біріне айналғанын жеткізді.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.

● КӨШПЕЛІ КЕҢЕС

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ

кесте бойынша жүріп жатыр



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев алдағы 2023-2024 жылыту кезеңіне дайындық мәселесі бойынша көшпелі кеңес өткізді. Қала басшысы тұтынушыларға қызмет көрсету орталығының жұмысымен және кәсіпорынның бас диспетчерлік пунктімен танысты.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Аралату барысында қала әкімі Алматы қаласының жылумен жабдықтау жүйесі нысандарының ауқымын кеңейту және диспетчерлеуді жаңғырту туралы тапсырма берді. Бұдан кейін қала әкімі тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің, әлеуметтік нысандар мен

қаланың тұрғын үй қорының дайындығы бойынша жағдаймен танысты. Энергетика және сумен жабдықтау, коммуналдық инфрақұрылымды дамыту, денсаулық сақтау және білім басқармаларының басшылары мен «Алматы жылу желілері» ЖШС, «АлматыТепло-КоммунЭнерго» ЖШС, «Алматы Су» МКК, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ және «ҚазТранс-

ГазАймақ» АҚ басшылары Алматының коммуналдық кәсіпорындары жүргізетін жөндеу және дайындық жұмыстарының аралық қорытындысы туралы баяндады.

Энергия кешені мен инженерлік желілердің 2023 жылғы 14 шілдедегі жағдай бойынша қысқы жылыту кезеңіне дайындығы кесте бойынша жүріп жатыр, қазір 55,3%-ға дайын. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 2,3%-ға көп. Жұмыстың негізгі бөлігі биыл 20 тамызға дейін аяқталады.

Атап айтқанда, жылу желілерінің дайындығы 65%-ға жетті. Жылу көздері, сумен жабдықтау желілері және электр желілерінің дайындығы 50%-дан асты. Көмір мен мазут қорларын жинақтау да жоспар бойынша жүріп жатыр, «АлЭС» АҚ нысандарында 97% көмір (166 мың тоннаның 160,3-і) және 55% мазут (16 мың тоннаның 8,9-ы), «АЖКЭ» ЖШС – 26,4% көмір (120 тоннаның 31,7-і) және 90% мазут (8,7 мың тоннаның 7,9-ы) дайындалды.

Ерболат Досаев тұрғын үйлердің күзгі-қысқы кезеңіне дайындық мәселесіне ерекше назар аударып, коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасына және аудан әкімдеріне осы жұмысты бақылау бойынша нақты тапсырмалар берді, сонымен бірге қаланың қыс мезгіліне, оның ішінде қаланың барлық әлеуметтік нысанының дайындығы мәселесін бақылауда ұстауды жалғастыратынын атады.



БРИФИНГ



КӘСІП АШУҒА ЫНТАЛЫ ЖАСТАР КӨБЕЙДІ

Алматы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында агробизнес саласындағы несиелеу бағдарламалары туралы айтылды. Бұл тақырыпты «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ басқарма төрағасының орынбасары – басқарма мүшесі Айдын Досқараев тарқатты. Сондай-ақ, брифингке осы корпорацияның Алматы облысы бойынша филиалының директоры Әмірхан Смайылұлы да қатысты.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

«Біздің корпорацияның басты мақсаты – елімізде ауыл шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлерді кең көлемде қаржылық қолдау, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешендердегі жұмысшылардың өнімділігін арттыру», – деді А.Досқараев.

Спикер «Кең дала», «Агробизнес», «Іскер» және «Жастарға шағын несие беру» сияқты қолданыстағы кредит беру бағдарламалары туралы да егжей-тегжейлі айтып берді.

«Кең дала» бағдарламасы көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу кезінде шаруаларды қолдауға бағытталған және ол бюджеттік кредит қаражаты есебінен іске асырылуда. Банктер, несиелік серіктестіктер және микроқаржы ұйымдары арқылы қаржыландыру кезінде қарыз алушылар үшін мөлшерleme жылдық 5%-ды құрайды. Атап айтқанда, Алматы облысы бойынша 17 несие серіктестігімен келісім жасалды», – деді ол.

Ал «Іскер» бағдарламасы стартап-жобаларды және ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерді қолдауға бағытталған. Осы бағдарлама бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық 6%-ды құрайды. Бұл ретте қарыздар 7 жылға дейінгі мерзімге беріледі. «Агробизнес» әмбебап бағдарламасы шеңберінде мал шаруашылығын, өсімдік шаруашылығын дамыту, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі жобалар қаржыландырылады. Несиелер меншікті және тартылған коммерциялық қаражат есебінен беріледі, субсидиялауды ескере отырып, сыйақы мөлшерлемесі 6%-ға дейін төмендейді. Инвестициялық мақсаттарға арналған қарыздың ең ұзақ мерзімі – 12 жылға дейін.

Өз кезегінде Әмірхан Смайылұлы кәсіп ашуға ынталы жастардың көпшілігі ауыл шаруашылығы саласына қызығушылық танытып отырғанын атап өтті.

ҚОЛДАУ

ЖАСТАРҒА ЖЕҢІЛДІК

Шағын несие беруге өтінімдерді қабылдау жалғасуда

Алматыда жастар үшін 2,5% төмен пайыздық мөлшерлеммен шағын несие беруге өтінімдерді қабылдау жалғасуда. Бағдарламаның агенті – «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ. Несиелеу бөлімінің бас маманы Қанат Омаров ӨКҚ брифингінде несие беру рәсімі туралы егжей-тегжейлі айтып берді.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Негізгі талаптардың ішінде өтінім беру сәтінде жеке кәсіпкер ретінде тіркелу мерзімі 5 жылдан аспауға тиіс. 21–35 жас аралығындағы жас кәсіпкерлер мен жұмысшы жастар жеңілдетілген несие алуға үміткер бола алады.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қанат ОМАРОВ, несиелеу бөлімінің бас маманы:

– Осы бағдарламамен Қазақстан Республикасы бойынша 28,9 млрд теңге бөлінді, оның ішінде Алматы жастары үшін 4,8 млрд теңге бөлінді. Алматы қаласы бойынша 350 кәсіпкер мен жастарға кеңес берілді, 71 кәсіпкер бойынша өтінімдер қабылданды, олардың төртеуі комиссияның қарауына жіберілді. Шағын несие сомасы мал шаруашылығы саласындағы жобалар үшін 7 жылға дейін, бизнестің басқа бағыттары үшін 5 жылға дейін өтеу мерзімімен 5 млн теңгеге дейін құрайды. Шағын несие мерзімінің ұзақтығының үштен біріне дейінгі негізгі борыш пен сыйақыны өтеу бойынша жеңілдікті кезең көзделген.

БАЙҚАУ

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – ОТАН ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Қалалық Достық үйінде Ұлттық «Мерейлі отбасы» байқауы комиссиясының отырысы болып өтті. Комиссия отырысын қалалық Қоғамдық даму басқармасы басшысының міндетін атқарушы Айдар Есенбеков ашып, жүргізіп отырды.

Рая
ЕСКЕНДІР

Биыл аталмыш байқауға қатысуға ниет білдірген қала тұрғындарының саны жылдағыға қарағанда ерекше көп екені байқалады. Мұның өзі дәстүрге айналған байқаудың адамгершілік мұраттарды жаңғыртуға, отбасы мен некенің мәртебесін көтеруге, ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыруға, отбасылық құндылықтарды кеңінен насихаттауға бағытталып отырғанын көрсетеді. Отырыс барысында Қоғамдық даму басқармасы басшысының міндетін атқарушы Айдар Рахымжанұлы жеңімпаздарды анықтау жөніндегі комиссия құрамының бекітілгенін жеткізді.

Сонымен қатар, бұл күні әрбір ауданның атынан қатысқан отбасылар таныстырылып, олар туралы

бейнероликтер көрсетілді. Арнайы құрылған комиссия Алматы қаласының жеңімпаз отбасын анықтайтын болады.

Суреттерді түсірген
Қайрат ҚОНЫСБЕК.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

«Ақбұлақ» кемпинг аймағы – тау демалысын, трекингті, хайкингті және шатыр тігіп, ұзақ уақыт серуендеуді ұнататындарға арналған жабдықталған жазғы лагерь. Туристерді қызықтырар жаңа нүкте мегаполиске жақын жерде «Медеу» жолында көркі көзтартар «Көкжайлау», «Үш ағайынды», «Құмбел» және т.б. танымал тау бағыты бар «Ақбұлақ» («Просвещенец») шатқалында орналасқан.

Жаңа кемпинг аймағы ашылды



Кемпинг аймақта жайлы әрі қауіпсіз демалуға барлық жағдай жасалған, 5 шатыр, жайлы самалжайлар, орындығы бар үстелдер, ұлттық нақыштағы «Алтыбақан» әткеншектері бар.

«Ақбұлақ» – соңғы жылдары Алматы қаласы Туризм басқармасы ашқан жетінші кемпинг аймақ. Жыл соңына дейін тағы екеуін ашу жоспарланып отыр.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

СКРИНИНГ

Ерте анықталған ауру ем-домға көнеді



Алматылық дәрігерлер тұрғындарды скринингтен өту мәселесіне бей-жай қарамауға шақырып отыр.

Медициналық сақтандыру қоры жыл сайын профилактикалық тексерулерге қаражат бөліп отырады. Оның ішінде, әлеуметтік маңызы бар ауруларды анықтауға арналған скринингтер де бар.

Мысалы, биыл Алматы қаласы бойынша профилактикалық тексерулерге 8 млрд теңге қарастырылған. Жыл басынан бері халықты скринингтік тексерулерден өткізген емханаларға 2,2 млрд теңгеден астам қаражат бөлінді.

Өз ісінің маманы скринингтік зерттеулердің маңызы қандай және тексеруден өту үшін қайда бару қажет деген сауалдарға жауап берді.

№16 қалалық емхананың дәрігері Сәуле Исмағұлованың айтуынша, аурудың көбі қаншалықты ерте анықталса, соғұрлым тезірек жазылады. Яғни уақытылы анықталған дертті емдеу де оңай. Сондықтан тұрғындардың скринингтік тексерулерге аса ден қойғаны абзал дейді маман.

Скрининг – ауруды және оның туындауына әсер ететін факторларды ерте анықтауға мүмкіндік беретін медициналық зерттеулер жиынтығы. Тексерудің бұл түріне салалық мамандардың консультациясы мен зертханалық-диагностикалық зерттеулер кіреді. Скрининг арқылы зиянды әдеттерден туындайтын қауіп факторларды (30–70 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер); ртериялды гипертензия, жүректің ишемиялық ауруы мен қант диабетін (аталған диагноз негізінде динамикалық бақылауға алынбаған 40–70 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер); глаукоманы (40–70 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер арасында); жатыр мойны обырын (30–70 жас аралығындағы әйелдер); сүт безі ісігін (40–70 жас аралығындағы әйелдер); колоректалды ракты (50–70 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер); В мен С вирусты гепатиттерін ерте сатысында анықтауға болады.

Сонымен қатар, профилактикалық тексерулерден 18 жасқа дейінгі балалар да өте алады. Оған баланың психологиялық және жыныстық даму деңгейін бағалау, зорлық-зомбылық белгілері бар-жоғын анықтауға арналған тексерулер кіреді. Бала денсаулығынан қандай да бір кінәрат табылған жағдайда салалық маманға жолдама беріледі.

Нұр ЖАМАЛ.



ӘКІМ

(Басы 1-бетте)

1,6 км жылу желісі жаңарады

Бостандық ауданында құрылыстың қарқынды өсуі ауданның инженерлік желілеріне едәуір ауыртпалық түсіріп отыр. Желілер орта есеппен 60% тозған. Халықпен кездесуде қала басшысы Ерболат Досаев бұл мәселені шешу үшін 1,6 км жылу желілерін реконструкциялау жүргізіліп жатқанын атап өтті. Ол 1 қыркүйекке дейін Ергожин, Ганди, Ғабдуллин, Могилевский, Сәтбаев көшелерінде, «Орбита-4» ықшамауданында аяқталады.

«Биыл Ганди, Гагарин және Есқараев көшелерінің бойымен «Орбита» және «Южная» қазандықтарын жалғайтын ұзындығы 900 метр магистральды жылу трассасының құрылысы басталды. Бұл аумақ қыркүйек айында пайдалануға беріледі», – деді қала басшысы.

2024 жылы Радостовец, Қожанов көшелеріндегі жұмыстар 2024 жылдың қыркүйегінде аяқталады. Ал 2023 жылдың қыркүйегінде қуаттылығы сағатына 190 Гкал дейін арттыра отырып, «Южная» қазандығын реконструкциялау жұмыстары аяқталады.

Жаңа электр станциясы іске қосылады

Бостандық ауданында жаңа «Алмагүл» қосалқы станциясына 4,8 км электрмен жабдықтау желісі тартылды. Оны шілде айының соңына қарай іске қосу жоспарланған. Станция шамамен 200 мың тұтынушыны электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз етеді. Бұл туралы әкім осы кездесуде атап өтті.

«Алатау Жарық Компаниясы» акционерлік қоғамының желісі бойынша шілде айында 77,5 км жоғары вольтты электр кабель желілерін, 98 дана трансформаторлық станциялар мен тарату пункттерін ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Сонымен қатар, 1,5 км кабельдік желілер ауыстырылып жатыр, ол жыл соңында бітеді», – деді мегаполис басшысы Ерболат Досаев халықпен кездесуінде.

Маусым айында ауданның қосылған аумақтарында «Ерменсай» және «Ремизовка» ықшамаудандарында 47,2 км электр желілерін реконструкциялау жұмыстары басталды. Бұл жұмыстар келер жылдың сәуірінде аяқталады.

16 мың тұрғын газбен қамтамасыз етіледі

Тамыз айында Бұқар жырау көшесінің Т.Жароков көшесінен Есентай өзеніне дейінгі бөлігіндегі 1,5 км орташа қысымдағы жерасты газ құбырын реконструкциялау басталады. Бұл туралы да аудан халқымен кездесуде мәлім болды.



СҰРАҚ-ЖАУАП

Тұрғын:

– Мен «Орбита» ықшамауданында тұрамын. Бізде балабақшалар жетіспейді. Ауданда бес жыл бұрын жабылған балалар үйінің ғимараты тұр. Мүмкіндік болса, сол жерден балабақша ашсаңыздар жақсы болар еді...

Қала әкімі:

– Балалар үйінің ғимараты бойынша жұмыс жүріп жатыр. Біз онда 440 орынды балабақша саламыз. Жоба дайын. ЖСҚ аяқталғаннан кейін балабақша салынады. Меніңше, бұл осы аудандағы балабақша мәселесін шешеді.

Тұрғын:

– Бордюрлерді ауыстыруды қашан тоқтатады? Жыл сайын қалада қалыпты көрінетін бордюрлер мен асфальт өзгереді. «Орбита» ықшамауданында ғана емес, басқа көшелер мен ауаларда асфальт жоқ. Сіз оған қалай қарайсыз?

Әкім:

– Өкінішке қарай, қалада осындай мәселе болды. Тіпті, асфальт төселгеннен кейін де, бұрын инженерлік коммуникацияларға қатысты мәселелер туындады. Сондықтан жол жамулары, қайта асфальт төсеу сияқты қосалқы жұмыстар болды. Технология бойынша алдымен барлық коммуникацияны жөндеп, ретке келтіру керек. Содан кейін ғана жолға асфальт төселуге тиіс.

Қалада жақсы инфрақұрылымы бар сапалы жолдар жасау – басты мақсаттардың бірі. Бұрын мердігерлер газбен, сумен жабдықтау, кәріз, электр және т.б. желілерін траншеялық төсеу жұмыстарымен қоса жүргізетін. Соның салдарынан сапа болған жоқ. Осы жылдан бастап желілерді төсеу енді жолақтың бүкіл енімен жүреді. Бұл талапты қалалық Мобильділік басқармасы әзірледі және ол жол төсемінің сапасын сақтауға мүмкіндік береді. Жөндеу барысында аралық кезеңді де ескеру қажет. Егер жолдарды жөндеу мерзімдері уақытына жетпесе, онда бюджеттен ақша бөлінбейді.

Бәрімізді алаңдатып отырған бордюрлер туралы айтатын болсақ, жақында жолдарды жөндеу бойынша баспасөз туры өткіздік. Журналистерге бордюрлердің қалай қашалатынын арнайы көрсеттік. Бордюр алынған кезде ол қашалып, тегістеледі. Тазарған соң бұрынғы орнына қайта

ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ ҮШІН

Алматы қаласының әкімі Ерболат ДОСАЕВ



«Бүгінгі күні жобалау-сметалық құжаттары әзірленіп жатыр. Жұмыстар биылғы қазан айында аяқталады. Бұл 16 мың тұтынушыны үздіксіз газбен қамтамасыз етеді», – деді ол.

Бұған қоса, сумен қамту қызметтерін жеткізу сапасын арттыру үшін ауданда 6,1 км су құбыры желілері қайта жаңартылуда. Жұмыстар қазан айында аяқталады.

«Орхан» жауап береді

Ерболат Досаев кездесу барысында ауданның өзекті мәселелерінің бірі – «Водснаб» қалалық сумен жабдықтау кәсіпорнының «Ерменсай» шағынауданын электрмен және сумен жабдықтау бойынша қызметтерінің сын көтермейтінін атап өтті. Бұрын бұл кәсіпорын «Орхан» ЖШС деп аталды.

«Ол өз атауын жиі өзгертеді. Биылғы наурыз айында жүргізілген тексерулердің нәтижесінде табиғи монополияларды реттеу комитетінің департаменті осы кәсіпорынның қызметінде бұзушылықтарды анықтады. Тиісінше 120 млн теңге көлемін-

де айыппұл салынды», – деді Ерболат Досаев.

Сонымен қатар, биылғы 20 маусымда Бостандық ауданының полиция басқармасы кәсіпорын тарапынан заңсыз әрекеттер дерегі бойынша қылмыстық істі тіркеді. «Әкімдік жүргізген келіссөздерден кейін осы жылдың 26 маусымынан бастап қаланың балансына 4,4 км электрмен жабдықтаудың әуе желілерін беру бойынша жұмыстар жүргізілуде, оны аяқтау 2023 жылдың тамызында жоспарлануда», – деп деді Ерболат Досаев.

Еске салсақ, аталған ауданда су жиі болмай қалады. Алматы қаласының әкімдігі басшылыққа Ерболат Досаев келгелі «Орхан» ЖШС-не қатысты сот процесін қайта бастады. Бірақ инженерлік коммуникацияларды қала балансына өтеусіз беру бойынша іс жүргізу әлі де жалғасуда. Табиғи монополиялар туралы Заңның 11-бабының 6-тармағында жазылған құқықты пайдалана отырып, кәсіпорын тіркеу орнын Алматыдан Алматы облысы мен Астанаға тұрақты түрде өзгертеді. Осылайша «Орхан» ЖШС бақылау және құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимылдан аулақ болады.

Бес мектеп, екі балабақша ашылады

Бостандық ауданында 4077 оқушыға орын тапшы. Аудан тұрғындарымен кездесуде қала әкімі Ерболат Досаев бұл мәселені шешу үшін Сәтбаев көшесі, 101 мекенжайында 300 орынды №65 мектепке қосымша құрылыс салынып жатқанын хабарлады. Бұл жұмыстар алдағы жаңа оқу жылына дейін, яғни 1 қыркүйекке жетпей аяқталады.

Қыркүйек айынан бастап сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған №9 мектеп-интернат ашылып, 120 орынды қосымша құрылысы аяқталады.

«Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде «РАМС Қазақстан» құрылыс компаниясы «РАМС Сити» көппәтерлі тұрғын үй кешенінің аумағында 1100 орынды мектеп салуда. Аяқталуды – 2024 жылдың тамыз айы, сонымен қатар, 240 орынды 2 балабақшаның құрылысын бастап, 2024 жылдың тамыз айында аяқтауды көздеп отыр. Жыл басынан бері ауданда 657 баланы қамтыған 6 жекеменшік және 1 мемлекеттік балабақша ашылды».

МАЗАЛАҒАН МӘСЕЛЕЛЕР



қойылады. Нормаларға сәйкес түзетілмейтіндері ауыстырылады. Магистральдық жолдарда полимер алғаш рет қолданылатынын атап өткім келеді. Төселген соң оны кем дегенде 36 сағат ұстау керек. Көп уақыт қажет. Оны 140–160 градустан 30–40-қа дейін салқындату керек. Ыстық асфальтпен жүруге болмайды. Дайындық жұмыстары күндіз, ал асфальт тек түнде төселеді.

Кем дегенде 10 жылға жарамды жолдарды салғымыз келеді. Төзімді, сапалы жолдарды кім бұзады?! Ал сапалы жол бәрімізге ортақ.

Тұрғын:

– Қаладағы негізгі жолдар – әл-Фараби және Абай даңғылдары неліктен бір уақытта жабылды? Айналма



жолдар, кері қозғалыс неге жасалмады? Жол жөндеу жұмыстары қашан аяқталады?

Әкім:

– Қалада жол жөндеу жұмыстары қолайсыздық туғызғаны үшін өзімнің және әкімдіктің атынан кешірім сұраймын. Өкінішке қарай, мегаполистерді дамытуға қатысты мәселелер тек Алматы ғана емес, көлік инфрақұрылымын дамытуға байланысты болды.

Неліктен біз биыл екі магистральдық жолды жөндеуді бастадық? Әл-Фараби даңғылына 2010 жылдан бастап, ал Абай даңғылына 2012 жылдан бастап жөндеу жұмыстары жүргізілмеген. Ал жөндеу аралық циклі 5 жылдан 7 жылға дейін жүргізіледі. Бүгін әл-Фараби бойынша 2 жөндеу аралық



КӨП ЖҰМЫС ЖАСАДЫ

Бостандық ауданының тұрғындарымен кездесті



кеттік балабақша ашылды», – деді Ерболат Досаев.

Сәтбаев көшесі, 90 мекенжайында «Конкрет продактс» ЖШС зауыты көшкеннен кейін осы жылдың қазан айында «Hit Building» ЖШС 900 орынды мектеп құрылысын бастайды. Тапсыру мерзімі шамамен 2024 жылдың тамызы.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 3 мектеп салу жоспарланған: Егізбаев көшесі, 9 мекенжайында 2500 орынды; Розыбакиев – Левитан көшелерінің қиылысында 1500 орынды; Розыбакиев – Қожабеков қиылысында 2000 орынды. Бұл жұмыстар келер жылдың соңына дейін аяқталады деген болжам бар.

Екі емхана бой көтереді

Қазан айында 300 орынды «Балалар жәрдем орталығының» операциялық блогымен бірге қабылдау бөлімшесінің жаңа корпусын ашу жоспарланған. Бұл туралы қала тұрғындарымен кездесуде әкім Ерболат Досаев мәлімдеді.

«Әл-Фараби даңғылы мен Сырғабеков

көшесі, Ю.Гагарин даңғылы мен Левитан көшесінің қиылысында әрқайсысы 500 орынды 2 жаңа емхананың және Жандосов көшесі, 6 мекенжайында Орталық қалалық клиникалық ауруханасының 500 орынды жаңа корпусы жобалануда. Бұл нысандардың құрылысы 2024 жылы басталады», – деді әкім.

Әрі перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығының ғимаратын, №4 және №12 емханаларды күрделі жөндеу жұмыстары жобалануда. Жөндеу қараша айында, ал перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығы келесі жылдың наурыз айында басталады.

Маусым айында «Керуен medicus» медициналық орталығында 40 орынды перзентхана корпусы және ауысымына 300 келушіге арналған емхана ашылды.

163 га жерге суару құбыры орнатылды

Ауданның жасыл қорын сақтау үшін көлемі 163,4 га болатын 27 учаскеде суару құ-

быры орнатылды, барлық учаскені автоматтандырылған суару жүйесіне көшіру мәселесі қарастырылуда.

90 көшеде 55,2 км арық желісін салу және реконструкциялау жұмыстары жүргізілуде: «Алатау» ықшамауданында – 28,7 км, «Нұр-Алатау» ықшамауданында – 4,1 км, «Жайлау» және «Қарағайлы» ықшамаудандарында – 3,2 км және ауданның басқа бөліктерінде – 19,2 км.

Маусым айында көше бойындағы апатты жағдайдағы ағаштардың бұтақтарын кесу жұмыстары басталды. Жоспарланған 4500 ағаштың 2600-інің бұтақтары санитарлық мақсатта кесіліп, жоспарланған 2500-ден 600 апатты жағдайдағы ағаш кесілді.

288 автобус жаңартылды

Децентрализация аясында Бостандық ауданының әкімдігі маусым айынан бастап көшелер мен жолдарды шұңқырлы жөндеуді бастады. Халықпен кездесуде қала әкімі Ерболат Досаев ауданда 500 млн теңгеге жалпы ауданы 60 мың м² 500 млн теңгеге жөндеу жұмыстарының жоспарланғанын айтты. Қазір 4,0 мың м² асфальт төселді.

«Сонымен қатар, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 30 қарашаға дейін 8 бағдаршам орнату жоспарлануда. Ал халыққа көлік қызметін көрсету сапасын арттыру үшін 21 маршрут бойынша 288 автобус жаңартылды», – деді ол.

Жыл соңына дейін жеке тасымалдаушылардың маршруттарындағы 44 автобус пен «Алматыэлектротранс» ЖШС маршруттарындағы 193 автобус жаңартылады.

Бюджеттің бүйірі ток

«Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында тұрғындардың өтінімдері бойынша 1-кезеңде 800 млн теңге сомасына 17 жоба іріктелді. Конкурстық рәсімдер өткізілді, 15 жоба бойынша жұмыстар жүргізілуде, олар қыркүйек айында аяқталады. 2 жоба бойынша конкурстық рәсімдер өткізіледі.

«Осы бағдарлама бойынша биыл 2-кезеңге 875 млн теңге бөлінді. Аудан тұрғындары 100 өтінім берді, оның ішінде 2–14 мамыр аралығында тұрғындардан ең көп дауыс жинаған 23 жоба таңдалды. Жобаларды іске асыру осы жылдың тамыз айында басталады», – деді Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев аудан тұрғындарымен кездесуде.

қозғалыс құралдары бойынша нормалар әлі қабылданған жоқ. Күзде бұл мәселе түпкілікті шешіледі деп үміттенеміз.

Алматы қаласы Полиция департаментінің басшысы Арыстангали Заппаров:

– БАҚ-та жұмыс берушілермен жұмыс жүргізіп жатқанымыз туралы бірнеше рет ақпарат жарияланды. Олармен бағдарлама әзірленді. Қазір қол қою сатысында. Егер біздің қызметкерлер азық-түлік жеткізушілері, кикшеринг қызметтерін 3-тен 5-ке дейінгі бұзушылықтар тарапынан жол қозғалысы ережелерін бұзушылықтарды анықтаса, онда бағдарлама бұзатталады. Жүріс бөлігімен және тротуарлармен жүруді бұзғандық қатысты жұмысты күшейтеміз. Профилактикалық жұмыстар жүргізілуде.

● ТҮЙІН:

Кездесу екі сағаттан астам уақытқа созылды. Қала әкімі тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтардың ешқайсысын жауапсыз қалдырған жоқ. Тұрғындарды мазалаған мәселелерді тыңдап, жауапты мамандарға тиісті тапсырмалар жүктеді.

Әзірлегендер Нұржамал ӘЛІШЕВА, Гүлжанат СЕМБАЕВА.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ




Қыркүйек айында «Орбита» және «Южная» қазандықтарын қосатын ұзындығы

900 метрден асатын магистральды жылу трассасы пайдалануға беріледі



«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында **3** мектеп салу жоспарда бар



Маусымда ауданның қосылған аймақтарында **47,2** км электр желілерін реконструкциялау жұмыстары басталды. Аяқталуы – 2024 жылдың сәуірі



55,2 км арық желісін салу және реконструкциялау жұмыстары жүргізілуде



2025 жылға қарай Бостандық ауданын көше жарығымен 100% қамту жоспарланған



21 маршрутта **288** автобус жаңартылды

ШЕШІМ ТАБАДЫ

мерзімді өткізіп алдық. Мамандардың бағалауы бойынша, егер биыл жолдар жөнделмесе, жолда шұңқырлар пайда болып, қыста жағдай қиын болар еді.

Еске салсақ, барлық жұмысты 6 бөлімге бөлдік. Егер сіз Асқаров көшесінен Дулати көшесіне дейінгі жол инфрақұрылымына қарасаңыз, Дулати көшесінде бөлу жолағында апатты өткелдер жоқ. Кері қозғалыс жасай алмаймыз. Әсіресе, Розыбакиев көшесі мен Жароков көшесінде қиын. Өйткені, жолайрықтар қарсы жолақтарда жол қозғалысын дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік бермейді. Алғашқы мүмкіндік пайда болғаннан кейін біз Сырғабеков көшесінен Есентай арқылы өтетін көпірге дейінгі кері қозғалысты ашып, негізгі жүктемені алып тастадық. Үлкен қалалардың бәрі осындай қиындықтарға тап болады.

Қарталарға сәйкес, даңғылдардағы жол қозғалысы сағат сайын бақыланады. Мен кептелістер пайда болған жерлерді (қызыл немесе бордты жолақтарға ауысатын) үнемі қауіпсіздікпен бақылауға міндеттімін. Полиция департаментімен және қалалық Мобильділік басқармасымен бірлесіп, барлық қажетті шараларды қабылдаймыз. Біз 2gis және Яндекс арнайы қосымшаларымен келістік. Тұрғындар үшін ақпаратты қосымша жаңартамыз. Сондай-ақ, қалалық Мобильділік басқармасы күн сайын маршруттардың өзгеруі туралы есеп береді. Түсіністікпен қараған қала тұрғындарына тағы да алғыс айтқым келеді.

Тұрғын:

– Сіз неліктен мопедистерге тротуар-

ларда жүруге тыйым сала алмайсыз? Арбатта жүруге тыйым салынды, ал көшеде олар жоғары жылдамдықпен жүреді. Үлкендер ғана емес, тротуарларда балалар да жүреді ғой. Мопедистерге арналған жолмен жүруді үнемі ескертеміз. Ешбір құлақ аспайды. Полиция да ештеңе істемейді.

Әкім:

– Электрсамокаттардың қозғалысы заң аясында реттеледі. Заңның қабылданғанын, күшіне енгенін білесіз. Келесі өзгерістер пакеті мопедтермен байланысты: электромopedтер мен двигателі 50 текше метрге дейінгі қозғалатын құралдарға қатысты болмақ. Олардың барлығын заң тұрғысында көлік құралдары таныған кезде әрі тиісті тіркеу жүргізілгеннен кейін полицияға айыппұл салуға мүмкіндік беріледі. Ал Арбат бойынша біз олардың қозғалысына толық тыйым салдық. Мен Алматы ауданына барған сайын олардың түнде жүретіндері туралы шағымдар келіп түседі. Оларға шара қолданамыз. Басты мәселе – мопедтермен тамақ тасымалдауда болып тұр. Курьерлер тапсырысты тиісті орынға жеткізу барысында ережені жиі бұзады. Мопедтерге тиісті шаралар қолданылуда. Әрі оны әлі де күшейтеміз.

Алматыда ғана емес, елімізде де мәселені шешуге мүмкіндік беретін ең дұрыс шешім – заңнамалық шектеулер. Электрсамокаттар туралы ұзақ талқылаудан кейін нормалар қабылданды. Мопедтер бойынша – электромopedтер мен 50 текше см-ге дейінгі



МУЗЕЙ

ҰЛЫ ДАЛА ЖӘДІГЕРЛЕРІ

мәдениеттің айрықша үлгісі

Мегполистегі Әбілхан Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде дәстүрлі және заманауи қолданбалы өнердің қайталанбас ғажап коллекциясы жинақталған.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Кеше музейден сол құнды экспонаттарды көруге келетін адамдар қарасының көптігін көріп қуанғанымыз жасырын емес. Балаларын ертіп жүрген ата-аналарға тілгі сүйсіндік.


Кешегі тарихымызды бүгінгі ұрпақ білуі, бағалап жүруі керек. Бүгінгідей гаджет, компьютер, ғаламтор, жасанды интеллект деген атымен жоқ заманның өзінде біздің ата-бабамыздың қаншалықты шебер, дарынды, сұңғыла, білімді, зиялы болғанын мақтаныш еткені абзал.

Іргелі музейде өзіміздің төл туындыларымыздан бөлек, шығыс халықтарымен бірге, батыс, орыс және кеңес өнерінің құнды жәдігерлері сақталған. Барлық жауһар бас-аяғы 14 залға топтастырылған.

Жинақтаманың басым бөлігі – Қазақстан кескіндемесі, графикасы және мүсіні. Олардың ішінде – Қазақстанның тұңғыш суретшісі Әбілхан Қастеевтің, сондай-ақ, Хлудов пен Черкасскийдің, Мәмбеев пен Телжановтың, Кенбаев пен Ғалымбаеваның, Жүсіпов пен Шәрденовтің, Сыдыхановтың, Айтбаев пен Сариевтің кескіндемелері, Сидоркин мен Залыманның, Пак пен Әжиевтің графикалық парақтары, Наурызбаевтың, Төлеков пен Досмағамбетовтің, Рахманов пен Мергеновтің, Рапопорт пен Есенбаевтың мүсіндік жұмыстары бар.

Мұражай қорында кеңес өнерінің даму тарихын жүйелеуге қажетті жәдігерлер де жеткілікті. Розанова мен Петров-Водкин, Фальк пен Кузнецов, Сарьян мен Таңсықбаев, Никоненко пен Андроновтардың қолтаңбалары сақталған. XVIII–XX ғасырлардағы орыс өнері қорынан Рокотов пен Левицкийдің, Боровикоский мен Кипренскийдің, Верещагин мен Айвазовскийдің, Репин мен Крамскойдың, Саврасовтың, Шишкин мен Левитанның түпнұсқа туындыларын да көруге болады.

Мұражай коллекциясынан төрт ғасырлық Еуропа өнерінің бейнесін көрсететін XVI–XIX ғасырлардағы Италия мен Францияның, Голландия мен Фландрияның, Германияның, Англия мен Австрия суретшілерінің жұмыстарын да табасыз. Ал Шығыс елдері өнерінің қоржынын Қытай, Жапония, Үндістан заттары мен дұңған, ұйғыр, корей шеберлерінің жекелеген туындылары да толтырып тұр.



Жалпы, музей қорындағы экспонаттар саны 25 мыңнан асып жығылады. Әрине, экспонаттардың басым бөлігі өзіміздің ұлттық өнердің, оның ішінде XIX–XX ғасырлардағы қазақ қолданбалы өнерінің бай коллекциясын ұсынады. Олардың ішіндегі ең көбі және көз тартатыны – күмістен жасалған зергерлік бұйымдар, киіздер мен текеметтер, түкті және тақыр, кестелі кілемдер. Мұражай коллекциясында ағаш пен теріден жасалған бұйымдар да бар. Біз бүгін осы жәдігерлер туралы аз-кем тарқататын боламыз.

XIX–XX ғасырлардағы қазақ қолданбалы өнерінің көзіндей болған бұл бұйымдар музейдегі жоғарыда айтып кеткен 14 залдың көшіні бастап тұр. Яғни өнер ордасын тамашалауға келген адам әуелі осы бұйымдар сақталған 1-ші залдың табалдырығынан аттайды.

Ер-тұрман – көне заманнан бүгінге сәнін, мәнін жоғалтпай жеткен, көшпелілер тұрмысында айрықша орны болған заттық мәдениеттің айрықша үлгісі. Өмілдірік, құйысқан, тоқым, тебінгі, ішпек, желдік, шідер, жона, кежім, аткөрпе, жабу, үзенгі, жүген дегеннің бәрі осы ер-тұрманмен байланысты атаулар, яғни оның құрамдас бөліктері. Әрқайсысының атқарар қызметі бар және жасалу жолы да бөлек.

Мәселен, тоқым – ер-тұрманның аттың арқасына батпауын қамтамасыз етеді. Киізден сырып тігіледі де, кейде оның айнала жиегі матамен көмкеріледі, ал кейбір тоқымның сырты түгелдей былғарымен жабылады.

Тебінгі – төмен қарай жалғастырыла тігілген немесе тағылған, шалбардың балағын, аяқкиімді аттың терінен сақтайтын жалпақ қалың былғары.

Ішпек – ат арқасына ердің батпауы үшін тебінгі тоқым астынан салынатын, аттың арқасын зақымдалудан қорғайтын жұмсақ төсеніш.

Ішкілік – ішпек астынан салынатын өте жұмсақ таза талдырмадан жасалған көлемі ішпектей ғана жалаң төрткүл киіз.

Желдік – тоқымның үстінен, ердің екі қапталының астынан қойылатын, қаптал ағашын ат арқасына тигізбей тұратын екі бөлек жабдық.

Жона – аттың арқасын ердің қажуынан қорғап тұру үшін ердің екі қапталына ғана келетіндей етіп былғарыдан жасалатын ықшам келген қалың тоқым.

Кежім – жүйрік атқа жабатын, оюлап әшекейленген, жұқа шүберек жамылғы.

Жабу – атты суықтан қорғау үшін жабатын киіз, көрпе, жамылғы. Бөйгеге қосылатын аттың арам терін алу үшін де қатты желдіртіп, кейін жылы жабумен орап, терін шығарады.

Үзенгі – атқа минуте, ер үстінде отырғанда екі аяқты тіреп орнықты отыруға, әрі тебінуге мүмкіндік беретін әбзел.

Жүген – мініс атының басына кигізілетін ат басын қалаған жаққа бұруға, тежеуге, көлікті адам ыркына көндіруге қажетті әбзел.

Құйысқан – ат арқасына салынған ер-тоқым мойнына қарай сырғып кетпеуі үшін аттың құйрық түбінің астынан өткізіліп, ерге бекітілетін әбзел.

Өмілдірік – ер-тоқымның артқа қарай сырғып кетпеуі үшін ат омырауына тағылатын әбзел.

Асыл тастардан, күмістен жасалып, алтын жалатылып, ою-өрнектермен көмкерілген зергерлік бұйымдар кез келген қыз-келіншектің ажарына ажар қосқан.

Алқа – омырауға тағатын, көбіне күмістен жасалатын көркемдік бұйым.

Білезік – күмістен, алтыннан соғылады. Жасалуына қарай алтын білезік, күміс білезік, құйма білезік, сағат білезік, топсалы білезік, бұрама білезік, қос білезік, т.б. түрлері бар.

Жүзік – қымбат тастардан көз орнатылған жалпақ сақина түрі. Оның еркектер де, әйелдер де салатын түрлері болады. Отау жүзік, құдағи жүзік, қарала жүзік, ақық жүзік деген атауы бар.

Қапсырма – әйел камзолына, шапан сияқты киімдеріне тағылатын түйме қызметін атқаратын жалпақ күміс бұйым. Кейде әдемілік үшін бірінің астына бірі, бірнешеуі қатар тігілетін болған.

Киіз – қойдың күзем жүнінен басылған, үй тұрмысында пайдаланылатын бұйым. Киіз қазақ жеріндегі көшпелі тайпаларда б.з.б. 1-мыңжылдықта белгілі болған.

Киізден сырт киім, байпақ (аяқкиім) тіккен, оны тек үйді жабу үшін ғана пайдаланып қоймай, киіз үйдің ішкі жасау-жиһаздарын, өзге де тұрмыс-тіршілікке қажет заттарды тігуге де қолданған. Халық шеберлері қазіргі кездің өзінде киізден қоржындар мен дорбалар жасайды.

Ақшаңқан киіз ақ қойдың жүнінен басылады. Дайын киізден туырлық, үзік, түндік, текемет, сырмақ жасалады. Басылатын жүннің мөлшерін, жарамдылығын айыра алатын, шабақтау мен тартуға шебер адамды киізші дейді. Киіз қазір фабрикаларда арнаулы станокпен басылады.

Бір ғана киізден жасалатын бұйымдарды тізіп шығар болсақ, киіз есік, туырлық, түндік, аяқ қап, әбдіре жапқыш, керме, кесе қап, қаршын, тұс киіз, тұтқыш, шайнек қап, ірге киіз, от киіз; киіз етік, киіз қалпақ, пима және т.б.

Сандық – киіз үйдің ағаш жиһаздарының бірі. Оған киім-кешек, қымбат бұйымдар салынады. Қазақ шеберлері сандықты қайың, қара тал ағаштарының сүрегінен жасаған. Сыртынан көркем етіп темір, мыс жапсырмамен, қатырма ою-өрнектермен безендіріледі. Сандықтардың тұрмыста қолданылуына қарай көлемі де әртүрлі. Кіші сандықтар 30–60 сантиметр болса, үлкендері 60–120 сантиметрге дейін жетеді.

Ол көшпенді халықтар үшін өте қолайлы болған. Сандықты жерге қойғанда түбі дым тартпау үшін, оның астыңғы төрт бұрышымен үйлестіре тақтайдан бұрыштан аяқ орнатады. Сандықтың беті әртүрлі бояумен сырланып, өрнектеледі не айшықты қаңылтырмен, кейде өрнекті сүйекпен қапалады.

Гүлнар ЖҰБАНИЯЗОВА,
Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейі «Педагогика және жобалау қызметі» бөлімінің жетекшісі:

БІР ЕРТОҚЫМДА БАРЛЫҚ ӨНЕР ТОҒЫСҚАН

Біздің қорда 33 ертоқым бар, оның 25-і комплектісімен. Бәрі 50-жылдардан бері жиналған ертоқымдар.

Біздің музейдегі жәдігерлердің 5 мыңға жуығы қолданбалы өнерге тиесілі. Солардың ішінде ат әбзелдері ерекше өнер болып саналады. Себебі, оның ішінде барлық өнер тоғысқан: ертоқымда киіз де, зергерлік те, былғары, ағаш та бар.

Бұл экспозициялар тұра берген соң, қараятыны заңдылық. Сондықтан бұйымдарды реставраторымыз жылына екі мәрте сүртіп, тазалап тұрады. Көбі экспедиция кезінде табылғандар. Қарапайым тұрғындардың әкеліп өткізгендері де бар. Мынау текемет, кілем, алаша, сандықтар да солай. Нақты қандай шебердің

қолынан шыққанын, кімдікі екенін білмегендіктен, әкелінген аймағын көрсетіп жазып қоямыз, сосын «халық шебері» деген белгі соғамыз.

Туристер көбіне әшекей бұйымдарымызға қызығушылық танытып жатады. Шашбау, шекелік, шолпы, өңіржиек, қапсырма, сырға, жүзік, білезік дейсіз бе, мұның бәрі XIX ғасырдан бері қарайғы XX ғасырдың бас жағында жасалған зергерлік бұйымдар. Мынау өңіржиектің өзінің екі түрі бар: бірі – әйелдерге арналған, екіншісі – қыздардікі. Қыз балаларға арналған түрі бүтін болып келеді, ал әйелдердің өңіржиегінің ортасы ашылатын болып жасалады. Яғни баласын өңіржиектің ортасынан емізе береді, сонда баланың да ішкен асы адал болған.

Анастасия ЗОТОВА,
музейге шетелден келген турист:

НӘЗІКТІК, ДӘЛДІК, ШЕКСІЗ ҚИЯЛДЫ КӨРДІМ

Қазақстанға бірінші рет келіп тұрмын. Барған жерімде музейлерді аралайтын әдетіммен осы мемлекеттік музейге арнайы келдім. Маған қатты ұнады. Менің сіздің ел туралы білімім көп дей алмаймын. Бірақ ертеде халқының көшпелі ғұмыр кешкенінен хабарым бар. Сонда деймін, мал бағып, көшіп-қонып жүрген халықтың мал терісінен ыдыс-аяқтар, жүнінен киіз, текемет, сырмақ, алаша сынды күнделікті тұрмысқа қажетті бұ-

йымдар жасағанын көріп, таңқалғаным рас. Әрі оның бәрі тұтынғанда экологиялық жағынан таза, зиянсыз болғанын қосып қойыңыз. Ер-тұрман, зергерлік әшекей бұйымдарының өзінен асқан шеберлік, нәзіктік, дәлдік, шексіз қиял, әдемілік көрдім. Демек, қазақ халқының қолөнері, зергерлік өнері тұрғындардың байырғы өмірімен, тарихымен, шаруашылығымен тығыз байланыста дамыған екен деген ойға келіп тұрмын.





ӨНЕР

ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯ НЕГІЗІ

халқымыздың ән-күйі табиғаттың өзінен алынып отыр



Біз жаңа, әділ, жарқын болашаққа қадам басып барамыз. Жаһандану үрдісі белең алғанда да қазақтың менталитетімізді сақтау парыз. Халқымыздың дүниетанымы, көзқарасы – бәрі тіршілік атаулымен тығыз байланысты. Өнердің өзін өмір деп түсінген. Осыған орай ұлттық өнерімізді дәріптеуші, белгілі күйші Аршын КӘСІМБАЙҰЛЫМЕН әңгімелескен едік.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

МҰРАЛАРЫМЫЗДЫ ӨЗІМІЗ ҚАДІРЛЕП, ДАМУЫМЫЗ ҚАЖЕТ

– Әділетті Қазақстан орнатуда өнер адамы нендей үлес қоса алады?

– Әділетті Қазақстан орнатуда өнерпаз адамдардың бойында отаншылдық рух болса игі. Сонымен қатар, халықтың мұңын, жоғын жоқтау, өткен ғасырлардағы тұлғалардың ерлігін, еңбегін бүгінгі ұрпақтардың санасына сіңіру маңызды. Өр өнер адамы жеке басының қамы үшін емес, ұлттық деңгейде ойланса екен. Сондай-ақ, салт-дәстүрді білу, білімді болу, өзі үлгі боларлықтай тұлға болғанда ғана Әділетті Қазақстанға үлес қоса алады.

– Қазақ өнері арқылы өз идеологиямызды, дәстүр-салтымызды өскелең ұрпаққа насихаттай аламыз ба?

– Әрине! Біз өнер ұғымын кеңейтіп айтқанымыз жөн. Бұның аясын тарылтып қарамайық. Бұған баршасы кіреді. Жіктеп айтар болсақ, жұртымыздың тұрмыс-салты, сөз өнері – барлығы еніп кетеді.

Қазақ өнерін мемлекет пен халық болып бірлесіп жолға қою қажет. Оны жеке-леген топтар, жалғыз адам жаңғырта қоймас. Не болмаса бірер мектептің жұмысы емес. Ол үшін зор қажыр-қайрат керек. Бұл тек қана этнограф, фольклортанушы, жазушылар айналысын деген қағида болмауы тиіс. Ел-жұрт болып бірлесіп болашақ үшін осы сарабал істі атқаратын болсақ, асығымыздың алшысынан түскені деп білеміз. Сонда ғана өскелең ұрпаққа насихаттай аламыз. Соны жастарымыз бойына сіңіріп, ой-елегінен өткізеді. Одан ары дамытатын болады. Қолда бар жауһар мұраларымызды өзіміз қадірлеп, дамытуымыз қажет.

– Жалпы күйшілік қай кезеңде пайда болған?

– Күйшілік өнер қазақ даласында ықпалы заманнан бері қазақтың тұрмысымен бірге жасап келеді. Күй аңызы ауыздан-ауызға, күй күмбірі құлақтан-құлаққа өз дәуірінің күйшілік мектебін қалыптастырып, ерекше орындаушылық арқылы жетіп отырған. Жер-жаһандағы табиғатпен егіз ұлт қазақ дер едім. Осылай деуге толық негіз бар. Біздің ән-күйіміз табиғаттың өзінен алынып отырған. XIX ғасырдан бері ғана қағаз бетіне түсіп хатталып келеді. Этнограф ғалым Ақселеу Сейдімбектің «Күй аңызы» деген еңбегі бар. Сонда ег-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

жей-тегжейлі зерттеліп жазылған. Күй қазақ даласында өзімен бірге біте қайнасып жатыр.

АЛТАЙ-ІЛЕ-ТАРБАҒАТАЙ – ҮЛКЕН МЕКТЕП

– Ұмыт болған күйлерді қайта жандандыруға бола ма?

– Бұл – өзекті мәселе. Санадан жоғалып, бірлі-жарым кісілер ғана білетін күйлер бар. Қызыл империяның боданына түскен шақта, қолда бар алтыннан айырыла жаздадық. Қытайдағы ағайын атажұртқа жете алмай, үні жетсе де, аяғы жете алмайтындай ахуалға түсті. Сөйтіп, әркім өз қазанында қайнап жатты. Арғы беттегі ағайын өздігінше зерттеп жүрді. Бірақ өз уақытында Қазақ еліне жетпеді. Бүгінде заман оналды. Алыс-беріс, қарым-қатынас түзелді. Ендігі кезекте ойда тұрған идеяларды жүзеге асыруға тиіспіз. Шыңжаң қазақтарында Алтай-Іле-Тарбағатай үлкен мектеп болып қалыптасқан. Сол жердегі қазағымыздың қоңыр күйлерін атамекенге жеткізуге барынша жұмыс жасап жатырмыз. Яғни барлығын жүйелеп, нотаға хаттап, аудио нұсқасын құрастыру керек. Соны домбырамен орындап, жаңғырта берсек дейміз. Осы істерді саралап, қазақтың рухани қазынасына қоссақ деген ниеттеміз. Бұл әрбір азаматтың бойындағы борышы деп ойлаймыз. Сонымен қоса, патриотизмді іс жүзінде жүзеге асырғанымыз болар еді.

– Аспапты қалай таңдайсыз?

– Енді бұл жағына аса мән беріп, ғылы-

ми жағын қазбаламаймын. Әр маман әртүрлі айтып, түрлі баға береді. Біреулер қалақ домбыра дұрыс десе, кейбірі белгілі бір ағаштан жасау, шанағына мән беру қажеттігін айтады. Мен ондай бір ұста емеспін. 20 домбыра тұрса, маған өзі көрінеді. Өзіме жақынын сеземін, көзіме бірден түседі. Сөйтіп, ұнағанын аламын. Дыбысын тексермесем де, таңдағаным жақсы болып шығып жатады.

Мәселен, қалақ домбыраны дәстүрлі әнге пайдаланады екен. Шертпе күйге де пайдалануға болады. Қазір ұлттық аспабымыздың түрі көп. Бұрын Абай, Жамбыл, кейін Арқа домбырасы деп бөлетін болды. Олар өзара үндестікке жіктеледі. Әнге келетіндері болады. Төкпе, шертпе күйдікі басқашалау болып келеді. Ал электронды домбыра күйге жарамайды. Қанша дегенмен электр тоғы үнге теріс әсер етеді. Бәрібір дыбыс бояуын ағаш аспабындай бере алмайды ғой. Оны сахнаның түрленуіне пайдалануға болатын шығар. Қазақи үнді электронды домбыра шығара алмайды.

Күйді тек домбырамен орындайды деген жаңсақ пікір. Бабамыз Қорқыт ата Қобызбен күй тартқан ғой. Атақты сыбызғышы Қайрақбай Шәлекенұлы сыбызғы күйлерін шерткен. Оның немересі Заманбек домбыраға айналдырған. Бірақ орындары реті әр басқа болады. Дегенмен, баршасы күй болып саналады.

АТЫ ШЫҚҚАН КҮЙЛЕРДІ ҒАНА ЭФИРДЕН БЕРЕ БЕРМЕЙІК...

– Күмбірілеген күй өнерінің құдіретін сезінетін жас ұрпақты қалай қалыптастырамыз?

– Жас ұрпақты тәрбиелеу – қажырлы еңбекті қажет етеді. Оны сөзбен айту оңай, іспен дәлелдеу қиын. Десе де, ұрпақ тәрбиесіне тікелей әсер ететін құндылықтар жетерлік. Басқаны былай қойғанда, түпкі негізге баулу шарт. Бұл арада бізге таптырмас құрал, ол – ұлттық құндылықтар. Соның ішіндегі әсемі – күй. Бір ойды түртіп өтейін. Домбыраны қолға алып ғажап шертеміз. Небір орындаушылардың сауасқартары жүйткіп тартып отырады. Соның арқасында тек екпіндетіп орындалғандарды құдірет деп түйсінетін болып алдық. Көптің көзі соған үйренісіп қалды. Бұл бір жақ қырынан ғана сезінуге жәрдемдеседі. Түпкі мәйегі астарында қайнап жатыр.

Күй – шертпе, төкпе, ілме деп бөлінеді. Терме күйлер де бар. Осының барлығын терең ұғынатын жастарды қалыптастырған дұрыс. Содан кейін өңірлерге қалайша, нендей себептен бөлінгендігін әрбіріміз аңдап отырсақ дейміз. Дәлірек Арқа, Жетісу, Маңғыстау, Сыр өңірі, Шығыс, Батыс Қазақстан және т.б. деп бөліне береді. Бір олқылықты байқап жүрміз. Көбіне радио, телеарналардан белгілі бір аймақтың аты шыққан күйлерін эфирден бере береді. Өзгесін таңдауға зауқы болмай ма, үйретушілер үйретпей ме, әйтеуір қайталай салады. Ал негізі қанша мектеп бар, соның

бәрін халыққа жеткізу қажет. Оның шығу тарихын, дәстүрін түсіндірейік. Бүгінгі ұрпақтың зердесі кең, өресі жоғары. Қай өнерді болсын қағып алуға бейім, уақыты, энергиясы жетеді. Сондықтан ел мен жерге бөлінбей, әркім өз жағына тартып дәріптемей, жалпы ортақ жәдігер деп қараған жөн. Міне, осы айтылғандар орындалса, қазақ даласының барлық күй өнерін ұрпақ санасына сіңіре аламыз.

– Шығармашылықта нендей өзгерістер бар...

– Әлбетте өнер адамы болғандықтан тынымсыз еңбек, ізденіс қажет. Сонда алға қойған нәтижеге көл жетеді. Бірқатар ой-пікірлерімді тарқатып айтайын.

XIX ғасырдағы, одан бұрынғы өнерпаздардың күйлерін тындап, естіп өстік. Ата-бабамыздың дағдысын бағамдадық. Ұстаздарымыздан тағылым алдық. Орындаушы ретінде өзімізге қажеттіні ала білдік. Орта жасқа таяған соң біраз толғана бастайды екенсің. Өзім де осы өнерді дамытсам деп ойланып жүрмін. Осыған сай бірқатар ойлар мазалайды. Біреулер қалай олай ойландың деуі мүмкін. Менікі көбіне «арнау күйлерге» негізделген. Осы жағына аса мән бердім. Негізі насихатталуы аз, енді зерттеліп жатқан тұлғаларға назар бұрайық. Жанрлары арқылы талдап, көпшілікке танытайық. Осыған дейін күй арналмаған тұлғаларға күй арнасам деген ой туды. XX ғасырда әкем Шыңжаң қазақтары арасында соңғы сал-сері аталған. Ол кісіні сол жақтың жұрты танығанымен, атажұрттағылар толық тани бермейді. Бірер күйі жеткенмен, толық біле бермегендіктен арнағым келеді.

Кейбіреу «Ата тұлға» кімге арналғандығын сұрап жатады. Сонда шежіресін айтып беремін. 2006 жылы осында көшіп келгенде Талдықорғанда Ақын Сара дейтін ауыл болған. Сол кезде апамызға арнап «Ақын Сара күйі» туған-тұғын. Сосын ер Жәнібек батырды білерсіздер. Қазақ елінде 300 жылдығы аталып өтті. Өзім де «Ер Жәнібек күйін» шығардым. Абылай хан тұсында Қожаберген деген ең сенімді батыры болған. Ол да ханның оң тізесінен орын алған. Оны да насихаттап «Қожаберген жорығын» шығарғанбыз. Қытай қазақтары арасында Ақы Төленшіұлы дейтін кемелгер, ағартушы кісі өмір сүрген. Осы атамның есімі жалпыға танымал болса дейміз. Сондай алпауыт тұлғаларға күй жазу ойда тұр. Осы жылдың 26 мамырында «Отырар сазы» оркестрінің сүйемелдеуімен өзімнің шығармашылық кешімді өткіздім. Тәп-тәуір өткен сияқты. Көрермендер жақсы қарсы алды. Жұрт кештің арқасында талай дүниені қаныққандығын айтты. Осының өзі өнерге үлкен үлес деп ойлаймын.

– Дәстүрлі әншілерге көңіліңіз тола ма?

– Ойланып қарасам, әр дәуірдің өзіндік ерекше дарынымен туатын адамы болатын көрінеді. Солай топшылаймын. Бәрі бірдей әнші-күйші бола бермейді. Соның ішінде біреуіне дариды. Баяғыда Қайрат Байбосынов ағаларымыздан кейін дәстүрлі әнші жоқ па деп ойланатынымын. Содан соң жойылып кете ме деп те қорықтық. Сөйтсем, олай емес екен. Бүгінде Еркін Шүкіманды тындап, қазақтың дәстүрлі ән өнері өлмеген екен ғой деп қуанып қалдық. Қажыбек Қостыбайұлы жақсы өнер көрсетіп келе жатыр. Ол Еркіннің ұстанымын ұстанса, жолымен жүрсе, жалғасын табады. Кейбіреулер эстрадаға кетіп жатыр. Қазақ ондайларды «жорғасынан бұзылған» деп айтады. Дәстүрлі күйшіліктен де ауысатындар табылады. Оларды заманның талабына сай әнші деуге болады. Өйткені, заман соны талап етеді. Эстрадаға қарай бейімдейді. Қара домбыраны жанына серік етіп сақтап қалғандар, дәстүрлі өнерімізге зор септігін тигізеді. Болашақтан, жақсылықтан үмітіміз мол.

– Көп рахмет!

Әңгімелескен
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



САРАПТАМА

Осы аптада Біріккен Ұлттар Ұйымы дүние жүзіндегі азық-түлік қауіпсіздігі мен тамақтанудың соңғы жағдайына қатысты өз есебін жария етті. Оның қорытындысы алаңдатарлық деңгейде. Себебі, соңғы жылдары аштыққа ұшырағандар саны жүз миллиондап артқан. Бұған пандемия, экономикалық дамудың тұралауы және соғыс секілді факторлар әсер еткен. Халықаралық қауымдастықтың бес бірдей мамандандырылған мекемесі ортақ есепті ұсына отырып, әлем елдерін мәселеге көңіл бөлуге шақырды. Өйтетіні, қауіпті тенденция қазіргі қарқынмен жалғасса, адамзаттың аштықты жою бағытында 2030 жылға белгілеген «нөлдік» мақсаты жүзеге аспай қалады. Ондай жағдайда адамзат қоғамының тұрақты дамуы үлкен кедергіге тап болады, тіпті дағдарысқа ұшырайды деген болжам бар.

783 миллион адам аштыққа ұшырауда

Үш күн бұрын жарияланған есепті БҰҰ-ның бес ірі мекемесі бірлесе дайындаған. Олар – Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (FAO), Ауыл шаруашылығын дамытудың халықаралық қоры (IFAD), Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры (ЮНИСЕФ), Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) және Дүниежүзілік азық-түлік бағдарламасы (WFP) қатарлылар.

Ескерте кетейік, халықаралық қауымдастықтың 2023 жылға арналған есебі, былтырғы, яғни 2022 жылғы нақты жағдайды көрсетеді. Соған сәйкес, 2019–2022 жылдар арасында ашаршылыққа ұшырағандар саны 122 миллион адамға көбейген. Яғни 2019 жылы 613 миллион адам аштықпен бетпе-бет келген деп есептелсе, былтырғы



Карикатура авторы: Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

шама орташа диапазонмен санағанда 735 миллион адам. Үш жылдағы жоғары көрсеткіш 692–783 миллион аралығында (FAO-ның ресми сайтындағы деректер бойынша).

Бес ірі агенттіктің есебінен мынаны аңғаруға болады: жаһандық аштық деңгейі 2021 және 2022 жылдар арасында өсуін баяулатқан, бірақ жалпы жағдай мез емес. Айталық, әлемде азық-түлік дағдарысы тереңдеп бара жатқан аймақтар кеңейген. Аймақтар бойынша қарастырғанда Азия мен Латын Америкасында аштық жағдайы бұрынғыдан жақсарды, алайда 2022 жылы Батыс Азияда, Кариб теңізі аймағында мәселе бұрынғыдан ауырлай түскен. Ал Африканың барлық субаймақтарында аштық әлі де өсу үстінде. Тұтас әлем бойынша Африка аштықтан ең көп зардап шеккен материк саналады. Ондағы аштық деңгейі дүниежүзілік орташа көрсеткіштен екі есе артық.

Сандар сөйлейді

* 2022 жылы – азық-түлік қауіпсіздігі мен тамақтану жағдайы нашар деңгейде тұр. Яғни

әлем халқының 29,6 пайызында сапалық азық-түлік тұтыну және азық-түлікке тұрақты қол жеткізу жағдайы төмен күйде. Бұл дегеніміз, 2,4 миллиард адам. Олардың ішінде 900 миллион адамның жағдайы мүлде қиын күйде.

* Дұрыс тамақтану және салауатты диетаға қол жеткізу деңгейі де көңіл көншітпейді. 2021 жылғы жағдайдан қарағанда әлемде

3,1 миллиардтан астам адам (әлем халқының 42 пайыз) дұрыс тамақтануды қамтамасыз ете алмады. Демек, 2019 жылғы саннан 134 миллионға өскен.

* Бес жасқа дейінгі миллиондаған балалар дұрыс тамақтанбаудан зардап шегуде. Айталық, 2022 жылы бес жасқа дейінгі 148 миллион баланың (22,3 пайыз) қалыпты өсу процесі бұзылған, 45 миллион бала (6,8 пайыз) арықтауға, әлсіздікке шалдыққан; 37 миллион (5,6 пайыз) артық салмақ жинаған.

Адамзат қоғамындағы регрестің белгілері

Аштық, соғыс және инфекция – адамзаттың мыңдаған жылдық тарихы, міне осы үш үлкен «жаумен» күрес үстінде құрылған. Өйткені, адамзат осы құбылыстардан зардап шегіп келді. Ерте заманғы дүниетанымда бұларды адамзатпен мәңгі бірге жасайтын, жаратушының арнайы жіберген сынағы ретінде қарастырған. Өз әлініше зерттеген әр дәуір ойшылдары оны жеңіп шығу мүмкін емес құбылыстар деп таныған кездері бар. Ал ғылым мен техниканың дамуына ілесе, адам санасындағы бұндай сірескен түсініктер сөйле бастады. Тіпті, әйгілі Юваль Харари өзінің «Болашақтың қысқаша тарихы» атты танымал еңбегінде «Адамзат ХХІ ғасырға аттаған тұста аталмыш үш үлкен жауды жеңіп шықты. Ендігі мақсаты – ұзақ жасау, бақытты

болу, тәңірі сапаға ұмтылу» деген пайымын ұсынған еді.

Расында, ұдайы адам жанына қас және қоғам мен оның жетістігін күйретуші осы құбылыстарға қарсы адамзаттың күресі ауыл шаруашылығы, технология және медицина салаларының дамуына қозғаушы күш болды. Харари мысал еткендей, қазіргі қоғамда соғыста қаза табатындар санынан өзіне қол жұмсайтындардың саны, аштан өлетіндерге қарағанда артық тамақ жеуден пайда болатын аурулардан көз жұматындар саны көп делінеді. Ал түрлі қауіпті вирустардан, инфекциялардан өлетіндер санына қарағанда, қартайып көз жұматындар саны көбірек деп келтіреді. Статистикалық мәліметтерге сүйенген бұл пайымы расында оның көзқарасын растай түсетіндей. Алайда...

Өкінішке қарай, қазіргі әлемнің бет-бейнесіне қарап адамзат қоғамы әлі де осы күресте түбегейлі жеңіске ие болмағанын көреміз. Қысқа ғана бірнеше жылда пандемия, соғыс және экономикалық тұралау қатарласа соққы берді. Жаһан тағдырын талқылауы тиіс қазіргі дамыған қоғамда адам баласының қайтадан қаруға жүгінуі өркениет жетістіктерін мазақ еткендей сезіледі. Бұл ойды осыдан бір ғасыр бұрын Эрих Мария Рэмарк қынжыла отырып айтқан жоқ па еді! Ал біз осы мәселелерге қайта тап келіп отырғанымыз регрестің белгісі саналатындай.

«Үміт нұры бар, кейбір аймақтар 2030 жылға дейінгі азық-түлік қауіпсіздігі бойынша мақсаттарға жету жолында бара жатыр. Бірақ тұтастай алғанда, бізге тұрақты даму мақсаттарын құтқару үшін дереу арада жаһандық күш біріктіру қажет», – депті БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриш Нью-Йоркте жоғарыдағы есепті жариялау кезінде. Демек, бұл әлем үшін де, біздің ел үшін де көңіл бөлер мәселе.



Естай БОЖАН сарапшы.

БАЙЫПТАМА

ӨЗБЕКСТАНДАҒЫ БИЛІК ТРАНЗИТІ:

Ш.МИРЗИЁЕВ БИЛІГІ ҰЗАҚ БОЛМАҚ

Кеше Өзбекстанда президент Мирзиёевтің ұлықтау рәсімі өтті. Шавкат Мирзиёев үшінші рет өз қызметіне кірісті. Бұл ретте оның өкілеттік мерзімі 5 жылдан 7 жылға дейін, яғни 2030 жылға дейін ұлғайды.



Билікке келу басқа да, оны ұстап тұру мен нығайту мүлде басқа. Сайлаудан кейін халық алдында берген уәдelerді орындау қажет. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, Мирзиёев өзінің беделін нығайтуға саяси жігерін салды. 2021 жылға дейінгі даму стратегиясы қабылданды. Онда саяси, сот және құқық қорғау реформалары, экономиканы либерализациялау, елдің жағымды халықаралық имиджін қалыптастыру және өзге де бастамалар көтерілді. Әсіресе, саяси реформаларға аса мән берілді. Парламент пен саяси партиялардың ролін арттыру, мемлекеттік басқаруды нығайту мен азаматтық қоғам институттарын дамыту көзделді.

Стратегияда елдің халықаралық имиджіне баса назар аударылды. Мирзиёевтің алдағы сыртқы саясатта жасаған қадамдары сөзімізге дәлел. Орталық Азия елдерімен қарым-қатынас жаңа деңгейге көтерілді. Жалпы, оқшаулану саясатынан арыла бастады. Бірақ мемлекеттің ашылуы экономикалық салада ғана тұрақты жүрді. Өзбекстан әлі күнге дейін саяси астары бар халықаралық ұйымдардан алшақ.

2022 жыл жаңа басшы билігінің өтпелі кезеңі деген жөн. Ол биылғы президент сайлауына дейінгі уақытты қамтиды. Алғашқы кезең Мирзиёевтің өз билігін нығайтуымен ерекшеленсе, мұнда жаңа саяси кезеңге дайындық басым. Ең алдымен, жаңа стратегия қабылданды. Енді Жаңа Өзбекстанды құру көзделді. Мұнда Өзбекстан көршілері Қазақстан мен Ресейдің саяси реформаларының тәжірибесін пайдаланды.

Алғашқы саяси қадам конституцияға өзгерістер енгізу-ден басталды. Биыл 30 сәуірде бүкілхалықтық референдум ұйымдастырылды. Референдумда президенттік мерзімін 5 жылдан 7 жылға ұзарту ұсынылды. Сондай-ақ, Шавкат Мирзиёев тағы да 2 рет президент бола алады деген толықтыру енгізілді. Өзгерістер енгізілген Жаңа Конституция 1 мамырда күшіне енді. Ал 9 шілдеде сайлау өтіп Ш.Мирзиёев қайтадан сайланды. Енді ол 2037 жылға дейін билік етуге құқылы. Осылай ол өз билігін жаңартты.

Жаңа Өзбекстан құрылады

Алғашқы екі кезеңде билік транзиті толық аяқталды. Ендігі мақсат Жаңа Өзбекстанды құру. Соған орай 2022 жылы стратегия қабылданды. Стратегия 100 кішкентай мақсаттардан тұрады. Бір қызығы, стратегияны жасауда Қазақстанның тәжірибесін қолданған сияқты.

Екі стратегияны салыстыратын болсақ, ұқсастығымен бірге айырмашылығы да шығады. Басты өзгешелік мазмұнында. Біздің 100 нақты қадамда мемлекеттік аппаратты реформалау, заң үстемдігін орнатуға баса назар аударса, Өзбекстанның стратегиясында азаматтық қоғам институттарын дамытуға мән беріп отыр. Әсіресе, жергілікті өзін-өзі басқару институтын нығайтуды атап өткен жөн. Демек, жаңа президент махалляларға басымдық беруде.

Одан басқа жергілікті өзін-өзі басқарудың маңызды институты халық депутаттары кеңесінің жұмысын қолға алуда. Олардың беделін арттырып, жергілікті әкімдіктерге (хоким) ықпалын арттыруды мақсат етіп отыр.

Жаңа басшының құлашын кең ашқанына қарағанда, келесі мерзімге сайлануға мүдделі. Оған заң да мүмкіндік береді. Алайда, алға қойылған мақсатқа жетуде біршама кедергілер болуы мүмкін. Ең басты кедергі бір басшының айналасында бүкіл халық болып, соқыр сеніммен ұйысу саяси дәстүрі. Ол президент институтын күшейтіп, өзге саяси институттардың дамуын тежейді.



Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.


Алдымен билікті нығайту, одан кейін елдің қамы

2017–2021 жылдар Ш.Мирзиёев билігінің алғашқы кезеңі. Ол билікті бейбіт жолмен қолына алды. Қоғамда азаматтық, әлеуметтік толқулар болмады. Елдің тұрақтылығына саяси элита арасындағы келісім де әсер етті. 2016 жылдың соңындағы сайлауда айқын басымдықпен жеңіске жетті. Осылайша заңдық тұрғыдан легитимділікті қамтамасыз етті.

ДЕРЕКТЕР МЕН ДӘЙЕКТЕР

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ХРУЩЕВҚА НЕГЕ КӨПШІК ҚОЙДЫ?

Халқымыздың басынан небір зобалаң өтті. Осы ғасырымыздың алдындағы соңғы екі ғасырдың өзінде қазақтың басына қаншама рет қара бұлт үйіріліп, қаншама рет зәбір-запаш шекті. Он тоғызыншы ғасырда еліміздің шұрайлы жерлеріне Ресейден келімсектердің ағыла келіп, жергілікті ұлтты шөл және шөлейт аймақтарға ығыстыруы, жиырмасыншы ғасырдағы қызылдар мен ақтар соғысы, күштеп ұжымдастыру, кәмпеске, қолдан жасалған ашаршылық, саяси қуғын-сүргін ұйымдастыру – мұның бәрі түптеп келгенде, қазақ жерін жергілікті ұлт өкілдерінен босату мақсатын көздеді.



және искусство» деген атын енді алмастырып жүрген кез. Қызмет бабымен Орталық Комитетке жиі барып тұрған. Соның орайын пайдаланып қалғысы келген Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы Ғабит Мүсірепов өзіне шақырып, өтініш айтады. «Анау, Яковлев деген жақсы кісі көрінеді, соған айт, бізді қабылдасын. Біз тілегімізді айтайық, іште жүрген ойымызды айтайық» деген соң, Қабдолов Жәнділдин екеуі барып өтініш жасаған. Яковлев сөзге келместен белгілі бір уақытта қабылдайтын болды.

Бірінші хатшының қабылдауында болу оңай нәрсе емес. Істің көзін білетін жас Қабдоловтың септігі тиген. Бірінші хатшыға қазақ қаламгерлерінің айтары көп еді. Уақыт ыңғайына қарай әрқайсысы өз көңіліндегісін айтқан. Бірінші хатшы әбден зәбір-жапа шеккен, партия қатарында жоқ Әуезовтің сөзін бар ықыласымен тыңдаған. Зиялы қауымның қайта-қайта қуғынға ұшырай беруі оны да қызықтырған болар. Әуезовтің басынан

талай зобалаң өткен еді.

– Бірде ашық, бірде жасырын, құпия, әйтеуір қуғын-сүргін саясаты ХХ ғасырда ылғи да жүріп отырды. Бұны ғылыми тілмен айтсақ, қуғын-сүргіннің перманенттік сипаты деп есептейміз. Үзіліссіз жүріп отырған. Алғашқы қуғын-сүргін 20-жылдары басталған. Алаш зиялыларын қуғындаудың соңы ату жазасына тіреліп отырды. 1932 жылғы Ермаков пен Әуезовтің хаты осындайdan, амалсыз жазылған нәрсе еді. Олар Алаш идеологиясынан бас тартуға мәжбүр болды. Бұл зиялылар үшін үлкен соққы еді. 40–50-жылдарға келсек, бұл кездегі қуғын-сүргіннің де өз ерекшелігі болды. Бұл кездегі саясат қазақ зиялыларын біржолата тұқырту, рухани еркіндігінен айыру, езіп-жаншуды көздеген китүрқы саясат болды, – дейді тарих ғылымының докторы, профессор Мәмбет Қойгелдиев.

Қанша соққы жесе де, ұлтын сүйген жан қарап жата алмады. Әуезовтің қаламынан туған көркем дүниелері мен ғылыми зерттеулері өз алдына, жүрген жерінде ел болашағын ойлап, келелі мәселелер көтерген. Дүние астан-кестен болып жатқанда Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы Яковлевке де осы мақсатта барды.

– Мұхаң ойын керемет шебер айтып жеткізетін. «Менің бір жаным бататыны – тың көтеруге екі жылда келген 3 миллион келуші 70 пайыз қазақты 7 пайызға түсіріп тастады. Бұл бір жағынан жақсы, бір жағынан халқымызға қиын болды ғой. Ал біздің халқымыздың үштен бір бөлігі шетте жүр. Әр жылдары қуғын-сүргін көріп кеткен осы қазақты туған Отанына қайтару тек қана (әрине, көпшік қойып айтып отыр) Хрущевтің қолынан келеді. Сол қазақты туған Отанына қайтарып, біздің бір елдігімізді ойласа қайтеді» деді ғой, шіркін Мұхаң.

Академик Зейнолла Қабдолов сол қабылдауда Әуезовтің сөзіне ерекше риза болғанын мақтанышпен еске алды.

Әуезов, сонымен бірге, бірінші хатшыға таяуда Тәжікстанға барғандығын айтқан. Бадахшанның басында тұрып жатқан қазақтардың хал-жайы мәз емес болатын. Балаларын мектепке бере алмай, мал соңында жүрген қандастарымыздың тұрмысы қатты күйзелтеді. Барлық ұлтқа теңдік әперетін Компартияның осыған көңіл бөлуін жөн санаған.

– Олардың туған Отаны, атамекені осында, елімізге алып келіп мәдениетін көтеруге болады ғой. Анау Астраханьда, Сарытауда да біздің қазақ жүр, мал бағудан басқаны білмейді. Оларда қайдағы еркіндік, соларды әкеліп үлкен адамдар қатарына қосуға болады. Ал одан қала берді, әріге баруымыз керек, мына Қытайда 2 миллионға жақын қазақ тұрады, ана Моңғолия мен Түркияда да солай. Солардың бәрін елімізге әкеліп басын қосу осы Хрущевтің қолынан келетіндігін қайта-қайта ескертіп, жоғары жаққа жеткізе барсын деген ниетпен өз ойын айтып шықты, – дейді академик-жазушы.

Шынында, Компартияның мақсаты тың игеру ғана болса, оны шетте тұратын қазақтарды әкеліп те атқаруға болар еді. Әуезов бірінші хатшыға осыны ашық айтқан. Хрущевтің атына көпшік қоя сөйлеп, әдейі мақтай отырып, өзінің осы сәлемдемесін жеткізуін сұраған. Басқалар үй-жай, көлік, қаламақы сұрайтын кез еді, Мұхаң арадан суырылып шығып, қашанғыдай өзінің мықтылығын көрсетеді. Алайда, ол замандарда оның жүзеге асуы екіталай нәрсе болды. Мұхаң армандаған бұл мәселе еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана жүзеге аса бастады.

жүрген. Партия қатарынан шығарылды. Абақтыға жабылды. Тіпті, өзі мақсат еткен ұлттық идеологиямыздан бас тартуға мәжбүр болған еді.

Тың игеру біткен соң Қазақстан басшылығында ауыс-түйіс болған. Елімізді басқарып келген Леонид Ильич Брежнев Мәскеуге кетті. Оның орнына бірінші хатшылыққа Иван Дмитриевич Яковлев тағайындалады. Мамандығы мұғалім еді. Түсі игі, жүзі жылы жан бір күні бір топ қазақ қаламгерлерін қабылдады.

– Ол кезде қабылдауында болатын кісілердің тізімін жасайды. Мұхтар Әуезовті, Сәбит Мұқановты, Ғабит Мүсіреповті, Ғабиден Мұстафинді, сосын Орталық Комитетке барғыштап жүретін кезім еді, мені тізімге қосыпты, барлығы сегіз адамның тізімін жасап қабылдады. Қандай ойлары бар, не айтқысы келеді, соны білгісі келген болар. Негізі ұстаз болу, сабақ беру адамның мінезін соншама жібектей жұмсартып жібереді. Бірінші хатшы да бұрын мұғалім болған екен ғой, қаламгерлерді өте жылы қабылдады, – дейді Әуезовтің шәкірті, академик-жазушы Зейнолла Қабдолов.

Бұл кезде Кеңес Одағы коммунизмнің іргетасын қалап жатқан. Оның қарышты қадамы Қазақстанды да таптады. Әкелгенінен әкеткені көп. Тапқанынан батқаны мол. Екі ортада сорлаған қазақ халқы болды. Бұрын жерімізге қару асынып келген басқыншы қолына гүл ұстап, күліп келіп қоныстанып жатты. Шұрайлы жерден айырылған қазақ мал қамын ойлап, амалсыз, шөл аймақтарға ығысқан. Ол кезде халқымыздың үштен бір бөлігі шетелдерде тұратын.

Негізі, біз айтқалы отырған оқиға былай басталған еді. Әуезовтің шәкірті Зейнолла Қабдолов ол уақытта «Жұлдыз» журналының Бас редакторы болатын. «Әдебиет


**Әнуарбек
ӘУЕЛБЕК**

Жергілікті халықтың өмірі ешқашан жанашырлықпен бірінші кезектегі мәселеге айналған емес. Мұндай жаппай қудалау мен ұлт ретінде жою мақсаттары әртүрлі жолдармен өмір бойы жүргізіліп келді. Тіпті, коммунизмге қол созған, ұлттар арасында «тендік орнаған» жылдардың өзінде осы тұрғыдағы астыртын іс-әрекеттер жасалып жатты. Осындай «байқалмас» шаралардың тамырын дөп басып, қауіптің алдын бағамдай білген ұлтымыздың беткеұстар азаматтары болмай да қалмады. Соның бірі Мұхаң – Мұхтар Әуезов.

...1956 жылы Қазақстанда ұлан-асыр той болды. Бүкіл Кеңестер Одағымен бірге тойлаған. Себебі, 1954 жылы басталған тың және тыңайған жерлерді игеру мәреге жеткен еді. Бұл Ұлы Отан соғысынан кейінгі Ұлы Жеңіс деп бағаланды. Алайда, бұл қуанышқа әркім әрқалай қуанған. Базбіреулер «нан болса, ән де болатынын» айтты. Айтып қана қойған жоқ, кеуделеріне орден-медаль қадаған. Ал Никита Сергеевич Хрущев бастаған зымиян саясаткерлердің қуанышы олардікінен маңыздырақ болды. Бір бармағын ішіне бүккен олар отаршыл патшалы Ресейдің 300 жыл бойы орындай алмаған ісін жүзеге асырғанына қуанған. Бұл оқиғаға күйзеліп, жаны ауырғандардың бірі Мұхтар Әуезов еді.

Қазақстанда дүркін-дүркін жүргізілген саяси қуғын-сүргін зиялыларымызды абайлап сөйлеуге мәжбүр етті. Ол кезде жеке басқа табынушылықтың шідері үзілгенмен, коммунистік идеологияның тоқпағы мықты болатын. Әуезовтің басына да қайта-қайта қара бұлт үйіріліп





ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

ЖЕҢІМПАЗ
ТҰҒЫРЫНА
КӨТЕРІЛДІКристина Овчинникова
Азия чемпионы атанды

Тайландтың Бангкок қаласында өтіп жатқан құрлықтық додада биіктікке секіруден Кристина Овчинникова жеңімпаз тұғырына көтерілді. Екінші орынға тағы бір қазақстандық Елизавета Матвеева не болды. Ол 186 сантиметрді бағындырғанымен оған дейін бірнеше мүмкіндігін пайдаланды. Үшінші орынға 183 сантиметр көрсеткішпен өзбекстандық Светлана Радзивил жайғасты.

Қазақстандық спортшылар осылайша құрлықтық додада үшінші мәрте жүлдегерлер қатарынан көрінді. Қазірге дейін Шедрак Коч Кимутай 10000 метрге жүгіруде мәре сызығын екінші болып қиды. Ерлер арасында 10 мың метрге жүгіруде ел намысын қорғаған Шадрак Кимутай Коч аталған қашықтықты 29 минут 31,63 секундта жүгіріп, екінші орынға табан тіреді. Бұл сайыста жапониялық Рен Тазава чемпион атанса, үндістандық Пал Абхишек қола жүлдегер атанды.

Жеңіл атлетикадан сары құрлық бәсекесі 16 шілдеге дейін жалғасады. Ел намысын 31 спортшы қорғауда. Қазір ұлттық құрама 1 алтын, 2 күміспен жалпы есепте 4-орында тұр.

АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК

ЖАЛҒАС ЖҰМАҒҰЛОВ

UFC-ден шығарылды

Аралас жекпе-жек шебері, қазақстандық Жалғас Жұмағұлов (14-9) UFC файтеерлері тізімінен шығарылды.

Бұл туралы лиганың ростеріндегі өзгерістер туралы жариялайтын UFC Roster Watch Twitter-аккаунтында хабарланды. Еске сала кетсек, Жалғас Жұмағұлов 24 маусымда өткен соңғы жекпе-жегінде UFC дебютанты америкалық Джошуа Ваннан жеңіліп қалған. Бұл «Жақонын» қатарынан төртінші және UFC-де алтыншы жеңілісі болды. Сонымен қатар, Жұмағұлов төрешілердің бөлек шешімімен үшінші рет қатарынан жеңілді.



СЕМСЕРЛЕСУ

ЕЛ НАМЫСЫН ҚОРҒАЙТЫН СПОРТШЫЛАР
белгілі болды

Семсерлесуден Италияның Милан қаласында өтетін әлем чемпионатына қатысатын Қазақстан ұлттық құрамасы белгілі болды.

ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫ:

Шпага:

Руслан Құрбанов, Эльмир Әлімжанов, Вадим Шарлаимов, Ерлік Сертай, София Николайчук, Александра Тамбовцева, Владислава Андреева, Ульяна Писцова.



Қылыш:

Артем Саркисян, Назарбай Саттархан, Жанат Нәбиев, Мұхамедәлі Рахманәлі, Айгерім Сарыбай, Анастасия Гулик, Карина Доспай, Татьяна Приходько.

Рапира:

Тамирлан Қалимов, Ғалым Нұрымов.

2024 жылы Парижде өтетін жазғы Олимпиада ойындарына іріктеу жүріп жатыр. Сондықтан осы жарыста Олимпиадаға қатысуға қажетті максималды ұпай санын еншілеуге болады.

ГРЕК-РИМ

ЕЛ ҚОРЖЫНЫНДА – 8 МЕДАЛЬ

Иордания астанасы Амман қаласында грек-рим күресінен өтіп жатқан Азия чемпионатында еліміздің 15 жасқа дейінгі жасөспірімдер құрамасы 8 медаль алды.

12 шілдеде күрес түрлерінен 15 және 20 жасқа дейінгі жасөспірімдер мен жастар арасында Азия чемпионаты жалауын көтерді. ҚР Күрес федерациясы баспасөз қызметінің жетекшісі Аспандияр Есенжолвтың айтуынша, жарыстың алғашқы күнінде қазақстандық балуандар 3 алтын, 2 күміс және 3 қола алды.



Біздің құрамадан Диас Маратов (48 келі), Досбол Шәміл (57 келі) және Әбілмансұр Ахалбек (68 келі) жеңімпаз тұғырына көтерілді. Ал Мәрлен Мейірбекұлы (62 келі) мен Аянбек Ибраев (85 келі) күміс алса, Сұлтан Мәулітханов (38 келі), Сұңқар Зарап (44 келі) және Дамир Ақан (52 келі) үздік үштікті түйіндеді. Ал әйелдер күресінен еліміздің 15 жасқа дейінгі жасөспірімдер құрамасы 3 медаль алды.

Жарыстың екінші күні, 13 шілдеде әйелдер күресінен ел құрамасы қоржынына үш жүлде түсті.

Құрлықтық додада Сания Солтанғали (39 келі) мен Мейрамгүл Ахметжан (46 келі) финалда қарсыластарына есе жіберіп, күміс жүлде алды. Ал Фарид Абдрахманова (50 келі) қола жүлдеге қол созды.

СИНХРОНДЫ ЖҮЗУ

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ:

Эдуард Ким – финалда

Жапонияның Фукуока қаласында өтіп жатқан су спорты түрлерінен әлем чемпионатында синхронды жүзуден ел намысын қорғап жатқан Эдуард Ким финалға шықты.

Жекелей сынның техникалық бағдарламасы іріктеу кезеңінде 89,300 ұпай жинаған отандасымыз бесінші орынмен финалға жолдама алды. Іріктеу сайысында испаниялық Диас дель Рио Сото үздік нәтиже көрсетті.

Айта кетейік, су спорты түрлерінен әлем чемпионаты кеше 14 шілде күні басталды және ол 30 шілдеге дейін жалғасады. Жалпы, турнирде 75 медаль жиынтығы сарапқа салынады.

СТЕНД АТУ

ҚАЗАҚ
МЕРГЕНДЕРІәлем Кубогының қола
жүлдесін иеленді

Италияның Лонато қаласында стенд атудан әлем Кубогы кезеңі өтіп жатыр. Аралас жұптық сындағы «скит» бәсекесінде Қазақстан намысын қорғаған Әсем Орынбай мен Эдуард Ещенко жарыстың қола жүлдесін еншіледі.


Қазақстандық мергендер әлем Кубогы медаліне қол жеткізу жолында Олимпиада чемпиондары Кыру Кайнеро мен Элиу Сдруччоліді қапы қалдырған. Қазақстандық жұп қарсыластарын бір ұпай басымдығымен жеңіп кетті. Барлығы осы сайыста 42 команда жүлде үшін таласты. Италиядағы әлем Кубогы кезеңі 17 шілдеге дейін жалғасады.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



АКЦИЯ

Әлеуметтік қолдау көрсетіледі



Халықтың әлеуметтік жағынан осал тобындағы балалар қаланың орталық саябағындағы аттракциондарда тегін сырғанай алады. Балаларға мұндай сыйлықты саябақ әкімшілігінің қолдауымен қала әкімдігі дайындады.

Тегін жүруге арналған карталарды ХӨОТ санаттағы 22 мың бала ала алады. Акция 15 шілдеден басталады. Балаларға қоғамдық бірлестіктердің (мүгедектер үйлері, саңыраулар қоғамдары, балалар үйлері, мектеп-интернаттар және т.б.) өтінімдері бойынша аттракциондарға тегін бару құқығы беріледі. Бұған қоса, демалыс күндері балалар қалашығының сахнасында балаларға арналған екі сағаттық тегін ойын-сауық шоуы өтеді. Карталарды алу үшін «Алтын Тараз» ЖШС кеңсесіне – Гоголь көшесі, 1 мекенжайы бойынша хабарласу қажет. Өзіңізбен бірге баланың туу туралы куәлігі (көшірмесі немесе электронды түрде) болуы міндетті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЕЛ ҚАЛҚАНЫ

«АНА САРБАЗЫНА АЛАҢДАМАСЫН!»

Алматы қалалық Сарбаз аналары комитеті қоғамдық бірлестігінің өкілі Татьяна Тропина «Оң-түстік» өңірлік қолбасшылығына қарасты 7552 және 3650 әскери бөлімдерінде болды.

Айнабай
МӘДИ

Қоғамдық бірлестік өкілі Отан алдындағы борышын өтеп жүрген жас жауынгерлердің тұрмыстық жағдайымен танысты. Т.Тропина ең алдымен әскери бөлімнің әл-ауқатына, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілердің тұрмыстық және моральдық-психологиялық жағдайына үңілді. Аналар комитеті өкілін күтіп алған бөлімнің командирлері құқықтық тәртіптің әскерінің қазіргі жағдайы мен әскери қызметшілердің атқарып жатқан қызметі туралы егжей-тегжейлі баяндап, күрмеулі мәселенің жоқтығын сеніммен айтты.

Сапар барысында Татьяна Тропина бөлімнің азық-түлікті сақтау тәртібі мен олардың жарамдылық мерзімін қарап, медициналық пунктті аралады. Онда медициналық қызметкерлердің жұмысымен, мерзімді қызметтегі сарбаздардың медициналық көмекке жүгіну журналындағы жазбалармен танысты. Сонымен қатар, сарбаздар асханасына барып тағам нормасын көріп, сарбаздардың тамақтану тәртібіне назар салды.

Жүргізіліп жатқан жұмыс аясында Сарбаздардың аналары комитеті бөлім басшылығымен бірлесіп мерзімдік қызметтегі әскери қызметшілер мен ата-аналар арасында байланыс орнатып, әскери ортадағы

туындаған мәселелерді шешу бойынша ұдайы шаралар қабылдайтын айта кету керек. Кездесуде Татьяна Геннадьевна аналар комитетінің алға қойған мақсаты мен алдағы атқарар жұмыстары туралы тарқатып айтты. Командирлер мен олардың орынбасарлары құқықтық тәртіпті, қоғамдық қауіпсіздікті, қаладағы маңызды мемлекеттік нысандарды күзететін әскери саланың негізгі жетістігі мен нәтижесі туралы сөз қозғады. Сапар соңында арнайы қонақ әскери бөлімдерге енді ғана аяқ басқан жас сарбаздармен диалогсыз, алдағы атқарар қызметтеріне табыс тіледі.

«Ата-аналар Отан алдындағы борышын өтеп жүрген балалары үшін алаңдайтыны жасырын емес. Сондықтан бүгін әскери бөлімдегі қазармаларды, сарбаздар асханасын, жуыну орындары мен әскери лазаретті араладым. Мұндағы сарбаздар үшін бар жағдай жасалғанына көзім жетті. Сарбаздардың жататын жері жылы, әрі онда тазалық үнемі сақталатыны көрініп тұр. Жас сарбаздармен сөйлестім, олар өте белсенді. Әскерге өз еркімен келгендіктерін, денсаулығына шағымы жоқтықтарын айтты. Әлі ант қабылдап үлгермесе де, олардың кейбірі келешекте келісімшарт негізінде қызметке қалуға ниетті екендігін жеткізді. Біздің тілек: «Ана Отан алдындағы азаматтық міндетін өтеп жатқан сарбазына алаңдамасын!», – деді Алматы қалалық Сарбаз аналары комитеті ҚБ өкілі Татьяна Тропина.

7552, 3650 әскери бөлімдерінің басшылығы келген қонақтарға ынтымақтастықты одан әрі нығайту және әскери қызметке деген сенімді арттыру ісінде табыс тіледі. Әрі алдағы уақытта бірлесіп қызмет атқарудың жалғасын табатынына сенім білдірілді.

ҚАҢТАР ҚАСІРЕТІ

Қылмыстық топ құрықталды

ІІМ-нің ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес департаменті Бас прокуратураның үйлестіруімен «Содыр Арман» тобын тексеруді жалғастыруда.

Қаңтар оқиғасына белсенді қатысқан Арман Жұмагелдиев басқаратын ұйымдасқан қылмыстық топтың іс-әрекетін әшкерелеу жалғасуда. Ұйымдасқан қылмыстық топтың жетекшісі мен негізгі қатысушылары қамауға алынды. Соған қарамастан, оның басқа мүшелері адвокаттар қызметін қаржыландырып, құқыққа қарсы жұмысын тоқтатпауда. Тергеу процесінің қатысушыларына БАҚ пен интернет арқылы қысым көрсетуде.

Әзірленген жоспарға сай, аталған топтың қылмыстық әрекетінің жолын кесу үш кезеңде жүргізілді. Бірінші кезең халықаралық іздеуде жүрген, қылмыстық ортада «Нойс» деген лақап атымен белгілі Жұмагелдиевтің «оң қолы» басқаратын ұйымдасқан қылмыстық топтың негізгі криминалдық буынын жоюға бағытталды. Екінші кезеңде криминалдық ортада «Карась» лақап атымен белгілі «Содыр Арманның» тағы бір көмекшісі бақылайтын ұйымдасқан қылмыстық топты қаржыландыру арнасы жойылды.

Жедел тергеу нәтижесінде, ұйымдасқан қылмыстық топ құрып, оны басқарғаны үшін Қылмыстық кодекстің 262-бабымен екі қылмыстық іс тіркелді. Мамыр айында қылмыстық топтың қызметін қаржыландыру фактісімен Қылмыстық кодекстің 266-бабымен қосымша сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды. Жакында ІІМ ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес департаменті Бас прокуратураның ведомствоаралық жедел тергеу тобымен бірлесіп, операцияның үшінші кезеңін іске асырды.

«Осы бағыттағы жедел іс-шаралар жалғасып жатыр. Өзге мәліметтер тергеу мүддесімен жариялауға жатпайды», – деді ІІМ ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес департаментінің басқарма бастығы Қуандық Алпыс. А.ҚЫДЫР.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Заң кеңесі» жобасы аясында мемлекеттік және орыс тілдерінде қызмет көрсететін орталық пен 8 707 157 36 64 «жедел желі» жұмысы іске қосылды. Орталықтың мекенжайы: Алматы қ., Жүргенов к-сі, 9/11, 4-қабат, 13-кеңсе.

«Bilim school» ЖШС мектебі жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ана төлемі бір оқушыға жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек (2023 жылы – 4 140 000 теңге). Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 8 (7172) 69-50-37, 8 (7172) 69-50-58, сайты: www.fincenter.kz.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«ALMATY AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге, 5 айға – 3002,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге, 5 айға – 8102,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге, 5 айға – 2202,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамына: 261 59 11 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatauaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VRY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



РУХАНИЯТ

МАХМУТ ҚАШҚАРИ
КІТАПХАНАСЫ
АШЫЛДЫ

«Alatau Creative Hub» орталығында «Махмұт Қашқари кітапханасы» түрік әдебиетінің кітап бұрышы ашылды. Іс-шараға Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев, Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының бірінші орынбасары Нұржан Қуантайұлы, фольклортанушы ғалым Кенжехан Матыжанов, сондай-ақ Түркия Республикасының Алматыдағы Бас консулы Али Рыза Акынжы және т.б. қатысты.

Іс-шараның негізгі мақсаты – Қазақстан мен Түркия арасындағы мәдени алмасуды ілгерілету. «Махмұт Қашқари кітапханасы» – Қазақстандағы әдеби қауымның мәдени баюы мен дамуының ұйытқысы, сондай-ақ барлық әдебиет пен мәдениет сүйер қауым үшін шабыттың, білімнің қайнар көзіне айналдыру. Түрік әдебиеті кітабы бұрышында әдебиет, өнер, тарих, философия, ғылым және т.б. тақырыптарды қамтитын көптеген кітаптар ұсынылды. Өз кезегінде Alatau Creative Hub келушілерге, оқуға және пікір алмасуға ең қолайлы кеңістікке айналды.

– Бауырлас түркі халықтарының мәдениеті мыңжылдықтар қойнауында жатыр. Оны дамыту өз қолымызда. Осы бағытта мәдениет, әдебиет, өнер адамдарымен бірлесе ігі істерді атқара беру қажет, – деді Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының бірінші орынбасары Нұржан Қуантайұлы.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН

Қыз қуу



ӨМІРДІҢ ӨЗІ

АРМАН

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Арма-ан, сен «қара қатын» ойнамайтын болдың ба? – деп айқайлай дауыстады Рүстем.

– Ойнаймын. Бастап қоймандар, қазір келемін, жарай ма? – деп, соңына қымай қараған Арман үйіне енді. Су ішіп шығамын деп сылтауратты. Ал бірақ...

Ауызғы бөлмеде тұрып әдеттегідей тың тыңдады. Төргі бөлмеде жатқан анасының ыңқылы таңертеңгісінен бәсеңдеген сияқты. Бұл іштей қуанды. Ыңқылы тағы да көбеймесе екен деп тілейді бала жүрек. «Әлде, маманың ауырып қалғанына мен кінәлімін бе? Кеше неге ренжіттім екен, сосын ауырып қалды-ау. Шынымен де, көрші Жамал тәтем айтқандай, мамам базарға барған сайын маған әкеледі ғой киімді де, бәрін. Жасұландікіндей күнқағарында ағылшынша жазуы бар қалпақ пен қалта сағат әкелмедің деп бұртиып, сыртқа шығып кеткенім үшін ауырып қалған ғой. Осы жолғы Жамал тәтемнің тойына киемін деп өзіне алған аппақ әдемі көйлегі үшін неге қуанбадым мен, – іштей күбірледі де, төргі бөлменің есігін жасқана ашты.

– Мама, мама, – деп ақырын дауыстады сосын.

– Оу, құлыным, келдің бе? – деген анасының әлсіздеу, қарлығып шыққан даусын естіп, көңілі орныққандай болды.

– Жәй, мама, мен ойнап жүрмін, – деп қайтадан сыртқа шықты.

Үй іргесінде тұрған, осыдан үш жыл бұрын папасы қайтыс болғанда тамақ асуға әкелінген темір пешті қоршай бес бала жайғасыпты. Қатарға Арман да қосылды.

Әуелгіде үй жаққа елегіз берген ол карта қызығына беріліп кетіп, бәрін ұмытты бір сәт. «Қара қатын» боп қалған Рүстем мен Жасұланды келеке етіп отырып, өзі де жақсы атақ алмады. Ойын шарты бойынша әлгі пештің мұржасындағы күйені жеңілген адам өзінің бетіне, құлағының іші-сыртына жағуы керек. Арман қап-қара күйені бет-аузына жағып бола бергенде, сонадайдан Жасұландың апасы Тұрсынқұл көрінді.

– Су әкел дегенім қайда сен жүгермекке! Ертеңгі сабағыңды да қараған жоқсың-ау, – деп бұркылдай сөйлеп келе жатқан ол үшеуінің қап-қара күйелеш түрлерін көріп, тіпті өршеленіп кетті.

– Мынау тағы не сұмдық?! Басқа ойын құрып қалған ба? Шешең мынауыңды көрсе, сені де оңдырмас, – деп Арманға жақтырмай бір қарады да, Жасұланды арқасынан түйгіштей, алдына салып қуалай алып кетті. Аңырып тұрып қалған бесеуі де үйді-үйлеріне тарай бастады.

Мамасының таңертеңнен бері ауырып жатқаны есіне түсіп, Арманның жанын тағы да көңілсіздік



билеп алды. Есік аузында тұрып, төргі бөлмеге бірден кіріп баруға тағы да батылы жетпей, құлағын тосты. Үнсіздік. Ұйықтап жатыр-ау деп ойлады. Бір кезде күйе жакқан беті есіне түсті. Мамам көрсе шошып кетер деп, босағадағы шегеде ілулі тұрған орамалға қол созып, бет-аузын сүйкей бастады. Әлі де шешесі туралы ойдан арыла алар емес. «Папам өлмегенде, мамам мүмкін көп ауырмайтын ба еді. Көп күрсінбейтін де еді ғой онда. «Жап-жас басыммен шашыма да ақ кірді» дейді, папамды ойлап ағарған шығар. Әлде, менің тентектігімнен бе екен? Өткен жолы қолжұғыш қондырылған ағаштың түбін ойып кесіп тастап, мамамды әбден ренжіткенім де дұрыс емес қой».

«Сен деп, бір сен үшін жүрмін ғой. Маған сүйеніш, көмекші болудың орнына бәрін бүлдіресің де жүресің. Папаң жоқ, кім жасап береді» деп налығаны бар мамасының. Бұл сөздер дәл қазіргідей әсер етпеген-ді, қазір ойлап еді, кеуде тұсы бір бұлқынып өткендей болды. «Мамамды енді ренжітпеймін». Бір сәт қимылсыз қалған Арманның ойын қосулы тұрған плитканың қатты қызған кездегі сырт еткен дыбысы бөліп жіберді. Мамама шай қойып берейін деген оймен сырлы көк шәйнекке су құйды. Шәйнектің қақпағы байқаусызда сарт етіп шелекке тиген кезде, «мамам оянып кетпесе екен» деген оймен астыңғы ернін қатты тістеп алғанын өзі де байқамай қалды. Шәйнекті плита үстіне ақырын қойып жатып тағы ойланып кетті. «Өткенде әне бір қара торы, бұйра шашты ағайды есік алдынан кездестіре берген соң «мама, анау ағай кім, енді келе берсе, машинасының әйнегінен сындырып тастаймын» деп едім, мамам ойланып қалды ғой. Үндемеді. Ол ағай да көрінбей кетті. Мен үшін келмей жүр ме екен? Мамамды тағы да ренжіттім бе, сонда? Мамам тез сауығып кетсе ғой. Енді ренжітпес едім. Ешуақытта ренжітпеймін...» деп күбірлеген бала төргі бөлмеге адымдай еніп бара жатты.

Ал ана, әрине, баласына ешқашан ренжімейді.

Қобыланды келеді пробкамен



Карикатура авторы Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.